

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ТМД, ТІПТІ ОДАН ТЫСҚАРЫ ЕЛДЕР АРАСЫНДА БІРІНШІ ОРЫНҒА ИЕ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ 6,3%-ға ӨСТІ

Ресми ақпарат: Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ел экономикасының өсуі 6,3%-ға жетті, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 2,3 пайыздық тармаққа жоғары. Өсу қарқыны қаңтардан қыркүйекке дейін жеделдеді: қаңтарда – 3,8%, қаңтар-ақпанда – 5,4%, қаңтар-наурызда – 5,6%, қаңтар-сәуірде – 6%, қаңтар-мамырда – 6%, қаңтар-маусымда – 6,3%, қаңтар-шілдеде – 6,3% және қаңтар-тамызда 6,5% болды.

Бұл өсу қарқыны экономиканы әртараптандыру және салаларды теңгерімді дамыту есебінен жүзеге асырылуда. Өсімнің негізгі драйверлері көлік және қоймалау қызметтері (+21,2%), құрылыс (+14,9%), сауда (+8,8%), тау-кен (+9,3%) және өңдеу өнеркәсібі (+6,2%) болды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өсуі орта және ұзақмерзімді тұрақты даму үшін берік негіз қалыптастырып отыр.

Биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында инвестициялар жылдық мәнде 13,5%-ға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 30,7%-ға ұлғайды.

Инвестициялардың жандануы іскерлік белсенділіктің өсуімен, екінші деңгейлі банктердің бизнеске несие беру көлемінің ұлғаюымен, инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды, сондай-ақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» және «Келешек мектептері» бағдарламаларын жүзеге асырумен байланысты.

ЖЕҢІЛДІКПЕН 26 МЫҢНАН АСТАМ ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Ресми ақпарат: 2024 жылдың қорытындысы бойынша жеңілдікпен қаржыландыру шараларымен жалпы сомасы 1,3 трлн. теңгеге жуық 26 мыңнан астам бизнес жоба қамтылды. 2025 жылы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін субсидиялауды қарастыратын жеңілдікпен несие берудің жаңа тетігі бекітілді. Субсидияланатын кредит сомасы 200 млн. теңгеден аспайды, сыйақы мөлшерлемесі – 12,3%, кредит беру мерзімі – 3 жылға дейін.

Жеңілдікпен кредит беретін жаңа «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды, оның аясында кәсіпкерлер 10 жылға дейінгі мерзімге 12,6% мөлшерлемесі бойынша 7 млрд теңгеге дейін кредит ала алады. Бүгінде 392 млрд теңгеге кәсіпкерлік субъектілерінің 1 095 жобасы қаржыландырылды.

«Даму» қорының базасында екі кепілдік беру қоры құрылды.

1-ші кепілдік беру қоры шеңберінде құны 281 млрд теңге болатын 1 618 жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде кепілдіктер сомасы 154,4 млрд теңгені құрады.

2-ші кепілдік беру қоры бойынша құны 7,1 млрд теңге болатын 1 жобаға қолдау көрсетілсе, оның ішінде кепілдіктер сомасы 2,8 млрд теңгені құрады.

100-ден астам қаржылық және қаржылық емес шараларды қамтитын Бірыңғай өзекті тізілім жасалды. Оның тиімділігіне мониторинг жасау үшін «Baуlauada» жүйесі енгізілді, ол ашықтық пен бағдарламаның орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді.

БІР АЙДАН 10 КҮНГЕ ҚЫСҚАРДЫ

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң қолданысқа енгізілді. Ол сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыруға, рәсімдердің мерзімін қысқартуға және ашықтықты арттыруға бағытталған. Сатып алуды өткізу мерзімі үш есеге 30-дан 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Қоғамдық мониторинг жүргізіледі, жеткізу-шілердің жауапкершілігі күшейтілді. «Кілтпен тапсырғанға дейін» тетігі енгізілді, қосалқы мердігерге берілетін жұмыстар көлемі 30%-ға дейін қысқартылды. Мөлшері аз сатып алуды жүзеге асыру мақсатында 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу құқығы енгізілді. Ауылдық әкімдіктер үшін бір көзден сатып алу шегі 3 мың АЕК-тен 4 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылды. 2019 жылдан бері бір көзден мемлекеттік сатып алу көлемі 34%-дан 26%-ға дейін төмендеді.

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның базасында қолданыстағы сатып алу алаңдарын (goszakup.gov.kz, zakup.sk.kz, mitwork.kz) интеграциялау арқылы Бірыңғай сатып алу платформасы құрылды.

2025 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу көлемі 9,4 трлн теңгені, отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттар саны – 140 712 бірлікті, сомасы – 399,86 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (жалпы сомасы 202,5 млрд теңгеге 109 909 шарт) айтарлықтай жоғары.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ҚАТАРЫ КӨП...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдегі құрылыс жұмыстарының барысы талқылانған мәжіліс өтті. Оған қала және аудан әкімдері, жауапты сала жетекшілері қатысты. Аймақ басшысы бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, құрылыс қарқынын арттыруды, жыл соңына дейін жоспарланған әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды сапалы, әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар құрылыс материалдарының сапасына тұрақты бақылау орнатуды, бюджет қаражатын тиімді және мақсатты жұмсауды, жаңа мектептер мен тұрғын үйлердің сапасына баса назар аударуды міндеттеді.

Өткен жылы құрылыс саласына 128,5 млрд. теңге, биылға 170,1 млрд. теңге бөлінген. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 8,1 есе артқан. Әлеуметтік ірі

жобалардың қатары көбейген. Биыл сол жағалаудағы физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледж, тарихи-өлкенің музейі, шығармашылық-инновациялық орталық, "Келешек мектептері" және "Руханиет орталықтары", «Қайсар» футбол клубының 11 мың орындық жаңа стадионы, тағы басқа нысандар құрылысы аяқталып ел игілігіне табысталды.

Жыл соңына дейін сол жағалаудағы спорт кешені, «Достық үйі», Арал ауданы Жалаңаш ауылындағы 150 орындық мектеп, аудандардағы орталық ауруханаларды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталмақ. Қазіргі уақытта «Қызылорда арена» кешені, онкологиялық бөлімшесімен бірге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік аурухана құрылысы қарқынды жүруде.

БИЗНЕСТІ ТЕКСЕРУ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Ресми ақпарат: Елімізде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны артып келеді. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 2 174 309 кәсіпорын тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен (2 043 760) салыстырғанда 6,4%-ға артық.

ШОБ-тың экономикадағы үлесі 38,6%-ға дейін (+0,9 пайыздық тармақ) өсті, ал өнім шығару көлемі 11,4%-ға ұлғайып, 18,7 трлн теңгені құрады.

2024 жылғы қабылданған бизнес жүргізу мәселелері жөніндегі заңның арқасында бизнесті тексеру азайып келеді. Жаңа тәсіл бойынша қадағалау жүйесі тексеруден профилактикалық шараларға көшу тұрғысында қайта қаралды.

Бас прокуратураның деректеріне сәйкес, 2024 жылы 53 320 кәсіпкер тексерілген, бұл мораторийға дейінгі 2019 жылмен (126 561) салыстырғанда 42,1%-ға төмен.

Мұндай үрдіс 2025 жылы да жалғасуда. Осы жылғы 6 айда тексерулер саны 1,9%-ға азайып, 46 375-ті құрады, бұл 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 73,8%-ға аз.

Сондай-ақ бизнеске қойылатын 10 мыңнан астам артық талаптың күші жойылды, ал «1 in 2 out» қағидаты (қолданыстағы екі реттеу тетігін алып тастап, жаңадан бір талап енгізу) реттеу жүктемесін арттырмауға мүмкіндік берді.

Жыл соңына дейін рұқсат алу үшін қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау жоспарланып отыр, сондай-ақ оларды алу мерзімдері оңтайландырылады.

Бизнес пен мемлекеттің өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін «Менің бизнесім» атты жеке кабинет функционалы бар «eGov Business» мобилді қосымшасы іске қосылды. Ол арқылы 30-дан астам мемлекеттік қызметке оңай қол жеткізуге болады, олар – кәсіпорынды тіркеу, салық күнтізбесі, сертификат алу және цифрлық құжаттарға қол қою және тағы басқалар.

РЕСЕЙ – АСА ІРІ ИНВЕСТИОР

Ресми ақпарат: Қазақстан 2029 жылға қарай ЖІӨ деңгейін \$450 млрд-қа дейін екі есе өсіруді және кемінде \$150 млрд көлемінде инвестиция тартуды мақсат етіп отыр.

Осы мақсатта бизнестің біртұтас экожүйесін қалыптастыратын Инвестициялық саясаттың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы жаңартылды. Инвестициялық штаб құрылды, ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды. «Инвестицияға тапсырыс беру» қағидаты енгізілді, ол бәсекелестік артықшылықтарды ескере отырып, өңірлік және салалық ұсыныстарды жасақтайды.

Басым салалардағы құны \$60 млн-нан асатын инвестициялық жобалар үшін қазақстандық заңнаманың 25 жыл бойы тұрақты болатынына кепілдік беретін инвестициялар туралы келісім жасасу қарастырылған. 2024 жылы осындай 6 келісім, 2025 жылы тағы 21 келісім жасалды.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға ерекше көңіл бөлінуде, содай-ақ ағылшын құқығы қағидаты бойынша қызмет ететін, «жасыл» және исламдық қаржы құралдарын қолдайтын «Астана» халықаралық қаржы орталығы да қарқынды дамуда.

Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі жетекші инвестициялық бағыттардың бірі ретіндегі мәртебесін сақтап қала алды. ЮНКТАД деректеріне сәйкес, 2024 жылы теңізге шыға алмайтын елдерге арнап жарияланған 5 greenfield-жобаның төртеуі Қазақстанда жүзеге асты.

Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестиция көлемі \$17,2 млрд-ты құрады, 45 жаңа жоба жүзеге асырылып, 6 200 жұмыс орны ашылды.

Инвестицияның негізгі бағыттары: тау-кен өндіру өнеркәсібі – \$6,5 млрд, өңдеу өнеркәсібі – \$2,8 млрд, сауда – \$5,3 млрд, кәсіби және ғылыми қызмет – \$0,9 млрд.

Аса ірі инвесторлар: Ресей (\$4,1 млрд), Нидерланды (\$3,8 млрд), Оңтүстік Корея (\$1,2 млрд), Бельгия (\$1,2 млрд) және Қытай (\$1,2 млрд).

2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағыны \$10,1 млрд құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1%-ға артық.

Үкімет инвестиция тарту, бизнесті дамыту және экономиканы демонополизация жасау жөніндегі бұл жұмыстарды жалғастыра беретін болады.

◆Былтыр Финляндияның Қазақстанға құйған тікелей инвестициясы 80 пайыздан асып, жалпы есебі жарты миллиард долларға жуықтады. Финляндия инновация және технология салаларындағы көшбасшылығымен дамыған елдердің бірі ретінде әлдеқашан мойындалған. KONE, Nokia, Fortum секілді компаниялар ел жетістігінің ең жарқын үлгілерінің бірі. Олар одан әрі өркендеуге ықпал етіп, новаторлардың жаңа буынын ынталандырды. Бүгінде Қазақстанда фин тарапының қатысуымен 50-ге жуық компания табысты жұмыс істейді. Олардың арасында Tikkuila, Wartsila, Nurminen, Metso, Valtra, Peikko және басқа да әлемге танымал брендтер бар. Қазақстан осы серіктестікті кеңейтуге, сондай-ақ еліміздегі фин инвестициясының және іскерлік тобының артуына бейіл.

◆Жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД, тіпті одан тысқары елдер арасында бірінші орынға ие. Дегенмен бұл көрсеткіш Финляндиядан үш есе төмен. Еліміздің сыртқы сауда көлемі 140 миллиард доллардан асты. Бұл да осы аймақтағы ең жоғары нәтиже саналады. Негізгі серіктесіміз – Еуропа Одағымен өзара сауда көлемі 50 миллиард долларға жуықтады. Шағын және орта кәсіпорындар ұлттық дамудың іргетасы болып отыр. Экономикадағы оның үлесі шамамен 40 пайызды құрады. Біз бұл прогреске экономикәде, сонымен бірге саясатта кешенді реформалар жүргізу арқылы толық қолдау көрсетіп отырмыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» стратегиялық қағидаты – еліміздің саяси бағытының негізгі өзегі. Бұл 2027 жылы жалпыұлттық референдум барысында қабылданатын конституциялық реформалардан кейін де Қазақстанның президенттік республика болып қала беретінін көрсетеді. Сөйкесінше, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы ішкі саясатымыздың басты бағдарына айналды. Заң үстемдігі экономикалық реформаларды табысты жүргізуге және кәсіпкерлікпен айналысуға қажетті жағдай жасайды деп сенемін.

◆UNCTAD мәліметі бойынша, кейінгі бір жылда теңізге шығар жолы жоқ елдер арасында жаңа жобаларға салынған барлық инвестицияның 80 пайызға жуығы Қазақстанға тартылған. Еліміздің үлесіне құны 1 миллиард доллардан асатын жобалардың бестен бір бөлігі тиесілі.

Еуразияның қақ төрінде орналасқан Қазақстан – Шығыс пен Батысты жалғастыратын стратегиялық аймақ. Еуропа мен Қытай арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміздің аумағымен өтеді. Бұл құрлықтағы қатынастың маңызды құретамыры саналады. Жұртшылық Орта дөліз деп танытын, яғни Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыта отырып, Қазақстан құрлықаралық сауданың орталық арнасы ретіндегі рөлін нығайта түседі. Орта дөліздің өлеуетін одан әрі ұлғайту үшін біз транзит ағынын оңтайландыру мен үйлестіруге арналған Smart Cargo бірегей цифрлық басқару платформасын іске қосамыз. Осы ретте аймақта тиімді мультимодальді көлік желісін құрған Nurminen Logistics фин компаниясының күш-жігерін жоғары бағалаймыз.

◆Еліміз Каспий теңізіндегі Ақтау және Құрық порттарын белсенді түрде жаңғыртып жатыр. Жылына 240 мың контейнер өткізу мүмкіндігі бар Ақтау портындағы контейнерлік хаб құрылысының алғашқы кезеңін биыл аяқтау жоспарланған.

Біз тәжірибе мен озық технологиялық шешімдерді алмасу арқылы Хельсинки және Хаммина-Котка секілді фин порттарымен ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтыламыз. Бұл елдеріміз арасындағы ықпалдастықтың жаңа бағыты болмақ. Фин компанияларын Еуропа мен Орталық Азия арасында тиімді және орнықты көлік байланысын орнатуға үлес қосып, күш жұмылдыруға шақырамыз.

◆Еліміз жаһандық ірі уран өндірушілердің бірі саналады, яғни әлемдік сұраныстың 40 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Қазақстанның Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Финляндияның Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы (STUK) ядролық отынды бейбіт мақсатта пайдалану әрі тәжірибе алмасу бойынша серіктестік орнатты. Біз бұл ынтымақтастықты құлтаймыз. Осы орайда Суомидің қауіпсіздік және орнықты ядролық шешімдеріне арқа сүйей отырып, ядролық қалдықтарды басқару бойынша бірлесе әрекет етуге өзіміз. Сонымен қатар Қазақстан көмір энергетикасы саласында таза, тиімді әрі экологиялық шешімдер қабылдауға ұмтылады. Біздің стратегиямыз шығарындыларды барынша азайту үшін заманауи технологияларды енгізуге және өнеркәсіптің, әсіресе, электр энергиясы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сондықтан біз келешегі зор ынтымақтастыққа фин сарапшыларының қатысуын қуаттаймыз.

◆Еліміз сирек кездесетін әрі Еуропа Одағы экономикасы үшін аса маңызды саналатын 34 элементтің 21 түрін өндіреді. Біз нақты прагматикалық әдіске жүгінеміз: шикізатты инвестиция мен технологияға алмастырамыз. Финляндияның Metso компаниясы минералды шикізатты өңдеу және өндірісті автоматтандыру салаларында озық шешімдер ұсынып жатыр. Осы бағыттағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүмкіндік мол екенін байқадық.

◆Қазақстан егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Жыл сайын жаһандық нарыққа 10 миллион тоннаға жуық бидай және 2 миллион тонна үн жеткізіп, әлемдегі ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіреді.

Елдеріміздің өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған бірлескен кәсіпорын құруға мүмкіндігі бар. Осылайша, аграрлық өндірістің бүкіл тізбесінде қосылған құны жоғары өнім шығаруға болады. Біз ынтымақтастықтың нақты тетіктерін қалыптастырдық. Академиялық алмасуды жандандыру және Erasmus+ бағдарламасы аясында бірлескен жобаларды ілгерілету мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті мен Шығыс Финляндия университеті серіктестік орнатты. Қазақстан аграрлық мамандардың жаңа буынын даярлауға және ауыл шаруашылығын инновациялық, орнықты әдістерін енгізу саласында бірлескен зерттеулерді дамытуға мүдделі.

◆Финляндия жасанды интеллект және LUMI суперкомпьютері арқылы өнімділігі жоғары есептеулер саласында көш бастап тұр. Сондықтан ЖИ бойынша зерттеу жүргізу, мәліметтерді озық талдау, техникалық білім беру және инновациялық экожүйе бағыттарында серіктестікті жолға қоя аламыз.

◆Елімізде ауа сапасын болжаудың озық моделін пайдаланатын SILAM жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Орман шаруашылығында да айтарлықтай перспектива бар. Біз ағаш кесудің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсілдерін ілгерілетуге, кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және ағаш өңдеуде заманауи технологияларды енгізуге баса мән береміз. Финляндияның осы салалардағы озық тәжірибесі «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасын іске асыруға айтарлықтай үлес қоса алады. Бұдан бөлек, бірлескен зерттеулер мен инвестицияға жол ашады.

«Қазақстан – Финляндия» бизнес форумында сөйлеген сөзінен

Ауылшаруашылығы саласының белгілі майталманы, еңбек ардагері, қадірлі ағамыз Шөкетаев Тасқара әңгімешіл кісі еді. Қолтығынан жастығын ысырып қойып, малдасын құрды дегенше-ақ Көргұлының бір тарауына түскен жыршылардай көсіле жөнелеріне сене беріңіз. Әңгіме: «Баскынбай – шопыр, мен – бастық. .» деп басталса, сөзді Қуандария кеңшарының №2 фермасында ферма меңгерушісі болып жүрген кезінен толғағысы келгені. «Шіркін, бөйге қара ат біткеннің жүйрігі еді-ау!...» деп бастады дегенше, әңгімені ілгеріктен қозғап, Құсмұрын тауынан әрі Жіңішкекұмға дейінгі даланы түгел шарпиды. Ал, Қуандария арнасының бойындағы «Тасқараның шлюзі» атанып кеткен алаптың жер-суы туралы айтқысы

келмей, тағдырына мойынсұнып жатыр. Солардың бір-екеуін алып, Күнтайға қуыртып жейік. Үйге түс – деді.

Сөйтті де су денгейін көрсететін шка-лалы рейкісінен әлде не цифрларды блокно-тына түсіріп, тордан алған екі «амурскийді» сүйрете-мүйрете мені ертіп үйге беттеді.

Шай үстінде өз майына өзі қуырылған семіз балықтың басынан миы мен көз майын суыра сорып, омыртка ортасындағы майлы жұлынды деммен тартып, солкылдатып отырмыз. Сексеуіл шоғының сөнбеген қызуымен ызындай түскен самаурынның әнімен бірге әңгіме де қыза түсуде. Бір сөздің ретінде оның әңгіме ауанын басқа арнаға салғым келіп:

– Тәке, баяғы қара аттан кейін атыңызды шығарған осы «амурский» болды-ау?!



Бөйгеге қанша ат қосылар екен, «ерден ердің қаулі бар» дегендей, басқа жерлерден келген кімдер бар екен, қосылатын аттарды сынап, ат жарауын алдын ала байқап, баға беріп жүрген ешкім жоқ па екен деген оймен көңіл күпті мен отырмын.

Бір кезде: - Қасында екі үш кісі бар Хамза келе жатыр – деген әңгіме шықты. Білемін ауылға Таң жағынан келіп, керейт-терге қона түстеніп жатып кететін жігіт қой. Көп араласым болмаса да «әйгілі Қоқыбай сыншының әулетінен» дегенді есітетімін.

Құрметтеп, төрге отырғыздық. Шәй ішіліп жатыр. Менің кім екенімді білгеннен кейін: – Атақты шопан Тасқара деген менмін де, бала. Қара атыңның жайынан да хабарым бар. Бүгін мен көріп шыққан аттардың ішінде сенің атыңды бөктерер жүйрік жоқ. Тек анау төбе басындағы оқшау тұрған атты біле алмай тұрмын. Аралдың аты. Егесі қасына ешкімді жуытпайды. Құлағы мен көзінен басқа жерінің бәрі тұмшалаулы. «Топырақ ыстық» – деп, киізден тұяққап кигізіп қойыпты. Мен сенің атыңды көрмеймін. Шабаңдоз балаңа айт, Қараны кездірген болып, ана мүлгіп тұрған аттың қасынан жиырма-отыз қадам жерден жетектеп өтсін. Одан әрі егесі жақындатпайды. Өзі бір айқай адам екен. Осы жерден бақылап отырамыз – дегені ғой!

Бала кетті. Қарап отырмыз. Тап қасына бармаса, құлайдың кен жерінде кім қалай жүрем десе де ешкім әңгіме айта алмайды. Бәріміз де іштен тынып қалдық. Екі көзіміз аттарда. Әлгі кісі айтқан төбе етегіндегі дүзгіннің тұсынан қара ат өте бергенде ана қантарымыз жүйрік өзінен-өзі селк ете қалды.

– Болды, бала! – деген Хаканның дауы-сы мен екі үйден кейін отырған ат егесінің «Қап!» – деген дауысы қатар естілді. Олар да түрүлі есіктен осы сәтті аңдып отыр екен. – Атыңның аруағы басым түсті, бала. Бөйге сенікі!- деген сыншы қолын жайғанда бәріміз «аууин!» бет сипадық.

Не керек, қамшының бүлдіргесін білегінен өткізіп, айналдырып отырған Муса-хан атты кинамаған қалпы қарақшыдан кеше дара өте шықты! Қауіп қылған атымыз қарақөк екен, үшінші аттан мойын ғана оздырып екінші келді сол жолы.

Жастайынан қолымда өсіп, атақты шопан Тасқара атын екінші көрсеткен «Тасқараның Қара атының» әңгімесі көп, шырағым – деп Тәкен алдындағы суып қалған кесеге қолым созды...

30.10.2025 жылы

ЕЛГЕ СЫЙЛЫ, ЕҢБЕККЕ МЫҒЫМ ЕДІ...

келсе: «Бұрын бізде жоқ еді, мына «Амур сазаны» деген балығынның өзі мінезді болады екен ғой!...» деп сөз бастайды.

1978 жылы пайдалануға берілген Қуандария арнасының бойындағы 8 көз-ді су тоспасын аудан жұрты «Тасқара шлюзі» атап кеткен. Мамандардың есепті құжаттарында бұл су бекеті «ІПК – 1107» деп белгіленеді. Қуандария жеріндегі Шарғелтай, Есболат, Әліптаммы, Қарабай, Жиделі атанған шабындық – жайылымдықтар мен ауылдың егістік, бақшалық жерлерін суландырып тұрған «Бақанды», «Әлия» каналдарының су денгейі осы бекет арқылы реттеледі.

Ал енді бар ма,сол жылдары бұрынғы Жаңадария каналдар баскармасына қарасты топшаның су реттеуші-технигі қызметіндегі Тасқара ағай мен Күнтай апаның үйіне ат басын тіреп, сәлем бермей өтетін адам кемде-кем болатын. Үй иелерінің қай уақытта да жаюлы тұратын ақ дастарханы мен құлақ құрышын қандырап шұрайлы әңгімесін осы төңіректен өтіп бара жатқан кім болса да қып кете алмай, еріксіз ат басын бұрушы еді.

Сексенінші жылдардың ортасы-ау деймін, жолым түсіп Бақандыға қарай осы тоспадан өтудің реті келді. Көпір үстіне тоқтап, әлденені түрткілеп жүрген Тәкене сөлемдестім. Былай да ақкөңіл, әзіл-қалжыңы мол осы бір төртбақ келген тығыршық денелі кісінің біздің әулеттен тараған үлкен-кішінің қай-қайсысын да нағашы тұтып, кездескен жерде жарқын амандастанын әдеті еді.

-Уау, Күндекем баласы, сені қай жел айдап келді? Несібеннің молын-ай! Мана сәскеде Бақандыдағы судың денгейін көтеруге тоспаны басып қойып ем, өзекті өрлеген Амур балықтары секіріп, көпір-дің үстіне түсіп жатыр. Солардың тыпыр-лап жатқандарын қайта суға лақты-рып жүргенім ғой. Мұның өзі таза суға ұмтылғанда өлгеніне қарамай өрге шап-штын неме екен, көпірдің бетон жақтау-ларына тұмсығымен сокқандары анау астындағы темір торда бұлқынуға шамасы

деп әзіл тастадым. Ойым, алпысыншы күздің бардыр бас кезінде Қарақұмда бөйгенің алдын бермей, «Тасқараның қара аты» аталған жүйірік аты туралы айтқызу.

Білемін, сүйіріктей сұлу жаратылған қара атты қалай мәпелегенін, қарақшыға жақындағанда оның арындай шапқан жүй-ріктерді артқа тастап, суырыла жөнелген-дегі сұлулығына талайлардың тамсанғанын айта бастаса-ақ Тәкен де ерекше бір құл-шыныспен сөзді құбылта жөнеледі.

– Ой, несін айтасың, бала?! - деп алған Тәкен магнитофонның лентасын біраз кері айналдырғандай боп үнсіз отырды да, түзеліп алды – Жарықтық қара ат бұра тартатын қыңырлығы да жоқ, қанша күйлі болса да ала қашар тарпаңдығы да жоқ есті мал еді. Ақжар совхозы құрылған алғашқы жылдары Бөлегенов директор, Тиыштыбайдың ферма бастық кезі, бірын-ғай қарақөл қойын жерсіндіріп, мал бақтық. Өзің білесің әкем Шөкетай, мына сойырғас Дәуренбек пен Төртбаев Әбділа бар, керейт Ыбырай ақсақал бар сол кездегі МТС-тің, Оян, Ақбел, Сталин колхоздарының малын қырға шығарып, Қарақұмның Аралға қараған бетін жайлау қылдық қой.

Ол кісілер үлкейгесін келесі буын жастар тока Есболат, Жайшылық пен Сахи бар әке таяғын қолға алып, бас шопан атандық. «Қарақұм дегенше қарағым десейші!» дегендей жері от, кеші салқын, шыбын-соңасы жоқ маң далада мал семіртіп, осы күнгі СЖК деп жүргендердің пайдаланбай-ақ жүзіне 130-145 тен төл келтіріп жүрдік. Қойды қырықтықпен өзіміз қырқып, жүн өткіземіз. Қосақтап қой саудырып, үкіметке сары май өткіземіз.

Баққан малың күзде шелді болса, қыста қонды болады. Қонды мал көктем мен жазда төлді болады. Жазғытұрым мал төлдету кезінде Нұрадағы Бөйелі мен Мол-динмен жеріне таласа қонып, қызғалдақ, сарығалдақ, қой жуа мен қонырбас сияк-ты балаусаға оңалған малды күн ыси бастағаннан әрі айдаймыз. «Айрытабан», «Сарытабан», «Қызылбастың соры» мен

СЕКСЕУІЛ - БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының 6,1 млн. га жерін сексеуіл алқаптары алып жатыр. Соның ішінде қара сексеуіл 4,4 млн. га жерді, ақ сексеуіл 1,7 млн. га жерді және де қалған бірнеше мың гектар жерді Зайсан сексеуілі алып жатыр. Негізінен сексеуіл алқаптарының кеңінен таралуы Алматы облысы және Жамбыл облыстарында кездеседі, сонымен қоса сексеуілдер Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Арал өңірі және де Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Манғыстау өңірлерінде кездеседі.

Сексеуіл ағаштары кәзіргі таңда жойылып бара жатқан ағаш түрі, тіптен тұқымы құрып кету алдында тұр десек асылық айтқандық болмас. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 сәуір 2004 жылғы № 460 қаулысына сәйкес кесуге тиым салынған сексеуіл бұталарын қорғау мақсатында маротерий жариялағанымен әлі күнге дейін заңсыз кесу тоқтар емес.

Сонымен қоса қалаларда көптеген кафе, мейрамханаларда кәуап (шашлык) міндетті түрде даярланады, және де жаз айларында бәрі-мізге белгілі сауда орындары маңындағы, базар-лардағы шашлык сатушылардан сексеуіл үзілер емес. Тіптен базарларға кіре беріс көшелерден белінен буылған сексеуілдерді көріп қайран қаласын. Сонда бұлар қайдан келіп жатыр деген сұрақ туындайды.

Негізінен он жылдық маротерий жариялан-ғанымен санитарлық кесу жыл сайын болып тұратын шаралардың бірі,санитарлық кесу дегеніміз құраған, сынған, ауырған және отыз жылдан асып шірі бастағандары жатады емес пе, соншалық көлемдегі сексеуілдердің ауырып, шіруі мүмкін емес қой, ал сол кәуап даярлайтын орындарда қураған сексеуілдерден кәуап даярланбайды, керісінше нағыз көктеп тұрған сексеуілдерден даярлайды, өйткені құрғақ сексеуілге қарағанда көк сексеуілдің қызуы әлдеқайда жоғары.



күні бүгінге дейін «Қызыл Кітапқа» кірмеген. Сондай-ақ, оларды дайындау лицензияланбаған, әрі сертификацияланбаған. Міне, осыдан барып оларды заңды, заңсыз кесу шамадан тыс көлемге артып отыр.

Негізінен зерттеу жұмыстарының мәліметтеріне сүйенер болсақ қолдан егіп өсіргеннен шыққан көшеттер саны мен табиғи өсіп өнуінен шыққан көшеттер саны әлдеқайда жоғары. Сол себепті қолдағы барды бағалап, оны сақтап, табиғи жаңаруына ықпал

жасай отырып, сексеуіл алқаптарын ұлғайтуға бар күшімізді жұмсауымыз керек.

Экологиялық жағдайдың күрт төмендеуінен байқайтынымыз Қазақстанның сексеуіл орманының эжожүйесінің қазіргі жағдайы мен оны қалпына келтіру, орманшылық экологиялық тұрғыдан бағалау үшін табиғатты тиімді пайдалану қажеттілігін аңғарамыз.

Адам баласы пайдаға құнықпалығы соншалық, сексеуіл ағаштарының дің түбіне сым тростар байлап, түбірімен қоса жұлып жататын да жағдайлары кездеседі. Түбірінен жұлынған сексеуіл зақымданғаны соншалық, қайта түбірінен өсіп өнуі болмайды.

Жаз айларында кесілген сексеуілдер қыс айларында кесілген сексеуілдерге қарағанда тұқыммен және де түбірінен табиғи өсіп өнуі төрт есеге кем болады. Соның салдарынан сексеуіл алқаптары бұрынғы көлемдерінен мүлдем кішірейіп кеткен. Бұл қоршаған ортаға үлкен зиянын тигізуде. Жалаңаш қалған өлкелерден құмдар көшіп ,шөлге айналып, аңдары басқа жаққа ауады. Ана бір жылдары жұрт сексеуілді отқа тамызық ретінде пайдаланатын.

Бұған себеп жаппай кесу кезінде сексеуілдің жойылып кету қаупі төнді. Оларды қалпына келтіру үшін 30-40 жылдай уақыт кетеді. Сексеуілдің биологиялық, физиологиялық ерекшеліктері мен өсу жағдайына, топырақ тұздылығына тозімділігіне т.б. ерекшеліктеріне аса көңіл бөлінбейді.

Қазіргі таңда сексеуіл ормандарын орманшылық-экологиялық тұрғыдан бағалау, географиялық ендікте орналасуың, биологиялық қасиетінің өсіп-жетілудегі бұталы ағаштарға бағыныштылығын, топырақтың гидрографиялық жағдайын, климаттық жағдайдың қатандығын және антропогендік фактордың әсеріне байланысты «эжожүйе» құратындығын айта аламыз.

Б.ІЗБАСҚАНОВ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ»КММ орманшы инспекторы

Біз әңгіме етіп отырған Шөкетаев Тасқара ақсақал Қазалы уезіне қарасты Қуандария болысы жерінде 1921 жылы келей шаруа отбасында дүниеге келді. Кейін «Оян» колхозындағы мектептен 7 кластық білім алды.

Еңбек жолын «Оян» ұжымшарында бригада есепшісі, шопанның көмекшісі бо-лып бастап, аға шопан таяғын қолына алған ол Ақжар совхоз боп құрылғаннан кейін қарақөл қойын өсіруде еңбегі жанып, бірнеше рет «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен, аудандық, облыстық партия, кәсіподақ комитеттерінің мақтау грамоталарымен әлде-неше рет марапатталды.

Ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығы саласындағы жемісті еңбегі үшін 1961 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Прези-диумының «Құрмет Грамотасын» алды.

1959 жылы көктемде жыл сайын мол өнімге қол жеткізіп жүрген Ыбыраев Сахи, Кенесбаев Есболат, Төртбаев Жайшылық сияқты озат шопандардың басын қосып, «Коммунистік еңбек бригадасы» атағын жеңіп алу жолында бірлесіп еңбек етті. Ойлаған мақсатына жетті де.«Қазақ ССР Социалистік мал шарушалығының Еңбек сіңірген шебері» құрметті атағына ие болды.

1964 жылы Ақжардан бөлініп, Қуан-дария қой совхозы болып құрылғанда 1965 жылдың көктемінен бастап №2 ферма меңгерушісі қызметін атқарды. Жинақ-талған мол тәжірибесінің арқасында 7 сы-ныптық білімімен ферма шопандарына басшылық етті.

Кейін совхозға арнаулы орта білімді, жоғары білімді мал мамандарының келе бастауына байланысты жастарға орнын беріп, мал азығын даярлау мақсатында құрылған шөпшілер бригадасын басқарды.

Елге сыйлы, еңбекке мығым жан 1978 жылдан Жаңадария су шаруашылығы баскармасында Қуандария арнасы арқылы Қызылқұм шабындықтары алқабын суландыру ісінде жоғарыда айтылған «ІПК – 1107» су тоспасында шаруашылықта мал азығын дайындау ісіне елеулі еңбек сіңірді. Мұның өзі мал басының аман сақталып,өз төлі есебінен көбеюіне едәуір септігін тигізді. 1981 жылы зейнет демалысына шыққаннан кейін де 90-ыншы жылдарға дейін осы жұмысты жалғастырды.Жұрттың қазірге дейін «Тасқараның шлюзі» атап жүргені де осы тоспа.

1944 жылы1924 жылы дүниеге келген Досанқызы Күнтәймен отбасын құрып, дүниеге 2 ұл 5 қыз әкелді. Оларды тәрбиелеп өсірді, оқытты.

Қазіргі кезде барлық балалары балалы-шағалы болып, алған мамандықтары бойынша белгілі қызметтер атқарды. Кей-бірі зейнет демалысында. Алматы, Шым-кент, Қызылорда қалалары мен Жосалы кентінде тұрады. Тәкең 1995 жылы 74 жасында өмірден ертерек озғанымен Құл-тай апа 96 жасқа келіп, осы балалардан 17 немере 23 шөбере көрді. Құдайға шүкір осылардың алақанынан су ішкен бақтагты әже атанып, 2019 жылы дүниеден өтті.

Ол туралы айтар әңгіме көп. Өмірі - дастан, көкірегі күмбірлеген көксандықтай еңбек адамның ерекше тұлғасы ауыл-дастарыныңесінде, ағайындары мен сыйлас інілерінің, балалары мен немерелерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Шекебай КҰНДАҚБАЙҰЛЫ
Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейтін, азаматтардың мемлекетке деген сенімін әлсірететін ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл құбылыс тек экономикалық шығын әкеліп қана қоймай, әділдік пен заң үстемдігін бұзады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында бұл бағытта жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң аясында мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігі қамтамасыз етіліп, цифрландыру үдерісі кеңінен енгізілуде. Мемлекеттік қызметкерлердің этикалық мәдениетін көтеру, қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау — сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты тетігі. Сонымен қатар жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру ерекше маңызды. Білім беру ұйымдарында «Адалдық сағаттары», түрлі тәрбиелік іс-шаралар өкізіліп, жас ұрпақтың бойында адал еңбек пен әділдікке деген құрмет қалыптастырылуда. Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру — баршамыздың ортақ міндетіміз. Әр азамат өз ісінде жауапкершілік пен әділдікті ту етсе, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Үсенғазин Аралбай Наурызұлы
"Сұлутөбе ауылдық округі әкімінің" аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен жауапкерші үшін редакция сменің бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

“АЗАТТЫҚТЫ АЯЛАУ – БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында Республика күніне арналған мерекелік салтанатты шара өтті. Оған басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтап, өңірде атқарылған, жоспарланған жұмыстардың бағыт-бағдарына тоқталды.

– «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын маңызды мереке.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн», – деген болатын.

Рухы биік бабаларымыздың арманы болған азаттықты аялау, халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты парызымыз.

Бүгінгі мерейлі сәтті аймағымыз толайым табыстармен, жарқын жетістіктермен, ерекше көңіл-күймен қарсы алуда. Өңіріміздің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етіліп, республикада алдыңғы қатардамыз.

Биыл облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн. теңгеден асады. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңге инвестиция құйылса, осы жылы 720 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылады. 2025-2028 жылдары құны 2 трлн. теңгеден асатын 89 инвестициялық жоба аясында 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд. теңге болса, биыл 207 млрд. теңгеге жетіп, 4,5 есе артты.

Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Дана халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Ата-бабамыздан мирас болған мәдениетіміз бен ұлттық дәстүрлерімізді сақтаған, ана тілімізді биік тұғырға қондырған халқымыз бекем бірлігімен жасай бергейі!», – деді Н.Нәлібаев.

Сыр өңірінде 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеуметтік нысан салынып, тұрғындар игілігіне берілген. Сондай-ақ 1 600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 144 млрд. 775 млн. теңге бөлінді. Биыл жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді. Қызылорда қаласында 270 көше қайта жаңғыртылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық елді мекен 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 83 пайызға жетті.

Кейінгі жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан аса пәтер табысталды. Аудандарда алғаш рет бір жарым мыңға жуық жаңа пәтер жерлестерімізге берілді. Биыл 3 600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінген.

Республика күніне арналған салтанатта еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды.

Мерекелік іс-шара облыс өнерпаздарының концертіне ұласты.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНЫҢ ӨТУ БАРЫСЫ ТҰРАҚТЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірде жылыту маусымының өту барысы талқыланды.

Жиынға облыстық мәслихаттың төрағасы, қала әкімі мен жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі жауапты маусымды талапқа сай, үздіксіз өткізу үшін тиісті сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар берді.

Атап айтқанда, әлеуметтік нысандардағы жылу режимін тұрақты бақылауда ұстау, тұрғын үйлер мен жеке сектордағы шағымдарға жедел әрекет ету мақсатында кезекші топтардың жұмысын күшейту керек. Сонымен қатар, жылу желілерінде туындаған ақауларды дер кезінде жою және тұрғындарға қолайсыздық туғызбау міндеттелді.

Өңірде жылыту маусымына тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар мен әлеуметтік сала нысандарының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, жоспарланған жұмыс толық орындалды. Қазіргі таңда кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс жасауда.

Қызылорда облысында жылыту маусымы 8 қазанда басталды.

Бүгінде 1 079 әлеуметтік нысан мен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 909 көпқабатты тұрғын үй толықтай жылумен қамтамасыз етілген.

Жылыту маусымының өту барысы облыстық штабтың тұрақты бақылауында.

ЖЕТКЕН ДЕ БАР, ЖЕТПЕГЕН ДЕ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Өнер орталығында Республика күніне арналған мерекелік салтанатты шара өтті. Оған басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мерекелік іс-шарада Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табысталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы

ИМАНДОСОВ НҰРЛАН САМҰРАТҰЛЫ – «РЗА-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЕЛУБАЕВА ИНДИРА ШӘКІМАНҚЫЗЫ – Қызылорда облыстық филармониясының әртісі, өңші-композитор, ақын, Мәдениет саласының үздігі.

БЕРДІБАЕВ АСҚАР АЙТӨРЕҰЛЫ – «Алтын Дән Шиелі» шаруа қожалығының төрағасы.

ИСАКОВ ОЛЖАС ЕРМЕҚҰЛЫ – Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

САНСЫЗБАЙҰЛЫ БАЛМЕЙІР – «Алтын брикс Қызылорда» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы

ӨПЕТОВ ЕРСҰЛТАН-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

САҚТАҒАНОВА АЙТКҰЛ РАУШАНБЕКҚЫЗЫ – Көпбейінді облыстық ауруханасының бас мейіргері.

ЖАНДАРБЕКОВ АЙТБАЙ НАСРИДДИНҰЛЫ – Шиелі ауданының әкімі.

ҚОЙШЫБАЕВ ШАХМАРДАН СҰЛТАНБЕК-ҰЛЫ – Қызылорда облысының ветеринария басқармасының басшысы.

АББАСОВА ФАРИДА ӘУБӘКІРҚЫЗЫ – Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы басшысының орынбасары.

ТӨРАЛИЕВ ЕРЛАН КӨРІМБЕКҰЛЫ – Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы.

СЫЗДЫҚОВ ЖӘНІБЕК ШӘКІМБАЙҰЛЫ – Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

ЕМБЕРГЕНОВ МАРАТ БЕКНАЗАРҰЛЫ – Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының



21 қазандағы №1053Жарлығына сәйкес

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін

II ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН: ӘМІР-ТЕМІР ХУСЕИН ЖҮСІПҰЛЫ – Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театрының режиссері. Қызылорда облысының Құрметті Азаматы, «Құрмет» орденінің иегері

Еліміздің мәдени-рухани дамуына қосқан үлесі үшін, жырау, педагог, фольклор зерттеуші-ғалым, ұстаз, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Парасат" орденінің иегері **АЛМАС АЛМАТОВ** марапатталды.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН:

ҚАЮПОВ БЫҒАЛИ ӘБДІКЕРҰЛЫ – мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда облысының құрметті Азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

ӘБИБҰЛЛАЕВ ИБРАГИМ СРЖАДИНҰЛЫ - қоғам қайраткері,Қызылорда облысының Құрметті Азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

ЖҰМАБАЕВ АСЫЛБЕК ТЕҢЕЛҰЛЫ – мемлекеттік қызмет саласының ардагері. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЖАНСАҚАЛОВ ӘБДІМӘЖИТ АЛМАҒАМБЕТ-ҰЛЫ – «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері.

ӘЛІМҚҰЛОВ ТЕМІРХАН МӨЛІКҰЛЫ – «СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері.

БАЙНАЗАРОВА АЙКҰЛ МАНСҰРҚЫЗЫ – «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлістігінің төрайымы. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

МЫХАНОВ БЕРДІБЕК САРТАЙҰЛЫ – «Сыр Самалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Құрмет» орденінің иегері

ӘБДІҒАППАР ӘМІРҒАЛИҰЛЫ- еңбек ардагері **ӘМІРЕҰЛЫ МАХМУТБАЙ**-еңбек ардагері,

«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері марапатталды **«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН:**

ҚАЛЫМБЕТОВА КҮЛӨН ЖАНТЕМІРҚЫЗЫ – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ӘЛЖІК ОРЫНБАСАР ҚАРАБАЛАҰЛЫ – Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,

НҰРСАЙЫТОВ МҰРАТ ТҰКМАНҰЛЫ - «Марал - Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы.

БАЛАТАЕВ ҮЙСІНХАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ – «Автомобиль жолдары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

ПІРМАНТАЕВ НҰРЖАН АЙДАРБЕКҰЛЫ – «Тұрмағамбет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ДҮЙСЕНҒАЗИЕВ СЕРІК ХАМИТҰЛЫ – «Нағи» шаруа қожалығының төрағасы.

ҚОРДАБАЙ НҰРҒАЛИ РАХЫМШАҰЛЫ – Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі.

КӨШЕКОВ МАРАТ-Жер ресурстарын басқару комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы марапатталды.

II ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІМЕН: РАХМАНБЕРДИЕВ БАТЫРБЕК АЙДАРБЕК-ҰЛЫ – «Абзал және Компания» толық серіктестігінің бағбаны.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН: БӨКІР ӘБДІЖӨЛЕЛ ҚОШҚАРҰЛЫ-журналист,қоғам қайраткері,саяси, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессоры

БОДЫҚБАЕВ ЖАҚАЙ СЕРІКҰЛЫ – еңбек ардагері, қоғам қайраткері.

ӘБДІХАМИТҚЫЗЫ АЙЖАМАЛ – білім саласының ардагері.

ЗАРЕРОВ ЖҰМАТ АРАПҰЛЫ – «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Жаңақорған аудандық филиалының электромонтеры.

орынбасары.

ОМАРОВ МҰХАМЕДӘЛІ БАТЫРХАНҰЛЫ – «Қаратау Фрутс» шаруа қожалығының басшысы.

ІЗДІҚҰЛОВА ӘЗИЗА ГАЖДАНБЕКҚЫЗЫ- облыстық филармония режиссері марапатталды.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН: АЙДОСОВА АЯГӨЗ НҰРЖАНҚЫЗЫ – мемлекеттік қызмет саласының ардагері.

ӨТЕГЕНОВА ГҮЛНАЗ БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ – «Білім-инновация» лицей-интернатының география пәнінің мұғалімі.

МЫРЗАБАЕВА ГУЛБАНУ ЕЛУБАЙҚЫЗЫ-балетмейстр марапатталды.

Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтуға қосқан лайықты үлесі үшін **ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛЕРІ**марапатталды:

«БІРЛІК» АЛТЫН МЕДАЛІМЕН:



АБЗАЛИЕВА ЖАНАТ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ – Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің басшысы

ТАЙМАНҚЫЗЫ ГАУНАР – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы – мемлекеттік еңбек инспекторы.

СОРОКИН МИХАИЛ ВЛАДИМИРОВИЧ – «Автомобиль жолдары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің машинисі.

ТӨРЕАХМЕТОВ БАЗАРБЕЙ ШӨМЕНҰЛЫ – Арал аудандық мәслихатының төрағасы.

ҚҰДАБЕКОВА ҚЫДЫРҚҰЛ НҰРАБАЙҚЫЗЫ – Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы.

МАНТАЕВ БЕКЕТ ТАЙШЫБЕКҰЛЫ – Көпбейінді облыстық ауруханасының хирургия бөлімшесінің меңгерушісі.

ІЗДЕН АНАР ЖАРЫЛҚАСЫНҚЫЗЫ – «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы, «Ұмай» балалар үйінің құрылтайшысы. «Шапағат» медалінің иегері.

СМАХАНОВА РАЯ ХАНИФОВНА – Қызылорда облыстық татар этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

КИМ ЮРИЙ ФЕДОРОВИЧ – «Қазақстан корейлер қауымдастығы» Қызылорда облыстық қоғамдық бірлестігінің ардагері.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ:

ЧОЛОНДУРОВ ХАМЗАТ ЖАЙНАЕВИЧ –Қызылорда облыстық татар этномәдени бірлестігінің ардагері марапатталды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбеқұлының бастамасымен әрбір ұлттық, мемлекеттік, кәсіби мерекелерде елімізге, туған жеріміз Сыр өңіріне айрықша еңбек сіңірген жерлестерімізге «Қызылорда облысының Құрметті Азаматы» атағы табыс-талуда.

Осы ретте 2025 жылғы 8 қаңтардағы Қызылорда облыстық мәслихатының № 145 шешіміне сәйкес **«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗМАТЫ»** атағымен:

ДҮЙСЕНБАЕВ СЕРІК ӨБІШҰЛЫ– облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы. «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері марапатталды.

2025 жылғы 26 қазандағы Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына өткен сайлау қорытындылары туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9-тармақшасы, 45, 46, 112-баптарына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына өткен сайлауда №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды:

Нарбаев Еркебулан Еликбаевич - 1991 жылы туған, «Мелиоратор» ЖШС бас директоры, Қызылорда қаласында тұрады. «Respublica партиясы» ұсынған, «Respublica» партиясының мүшесі.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫ – ХАЛЫҚТЫҢ САЯБАҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президент саябағындағы қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді.

Қазіргі таңда саябақ аумағында ауқымды абаттандыру және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Бас мердігер «Bi Global» ЖШС жобаға сәйкес 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар орналастырылады.

Саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) бой көтеріп келеді. Бұл нысандардың бас мердігері «Alem Qurylus AQ» ЖШС осы аумаққа спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпустар,



қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салуды қарастырған.

Сондай-ақ, Сырдария өзені үстінен Президент саябағы мен Астана шағын ауданын байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынады.

ҚАЛАМ ҚҰАТЫМЕН ЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұлт руханиятына жасаған қызме- тімен қоғам құрметіне ие болған белгілі жазушылар Тынымбай Нұрмағамбетовті мерейлі 80 жасқа, Қуандық Түменбаевты 70 жасқа толуына орай құттықтады. Басқосуға қаламгерлердің замандастары, аймағы- мыздың зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімі мерейтой иелерінің шығармашылығына тоқталып, құттықтау лебізін жеткізді.

– «Саналы ғұмырында еселі еңбегімен төрге озған, абырой биігінен көрінген ардақты аға буын қаианда құрметке лайық. Біз елдік іске адалдық танытқан, еліміз бен аймағымыздың әлеуметтік- экономикалық, мәдени-рухани дамуына үлес қосқан, халықтың қошеметіне бөленген азаматтарымызды ардақтап, лайықты құрмет көрсетіп келеміз.

Қалам құатымен еліне адал қызмет еткен саликалы аға буынның қатарында Тынымбай Нұрмағамбетұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше.

Ағамыз 1945 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Қызылордадағы Гоголь атындағы педагогикалық институт- тың қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде, Мәскеудегі Горький атындағы Әдебиет институтында білім алған.

Еңбек жолында «Су құрылысшысы» газетінде тілші, бөлім бастығы, Қызылорда облыстық радиокomiteетінде аға редактор, Алматыдағы «Жазушы» баспасында редак- тор, «Қазақ елі» газетінде бас редактордың орынбасары, «Қазақфильм» киностудия- сында жауапты қызметтер атқарды.

Шығармашылық еңбек жолында 15 кіта- бы жарық көріп, пьесалары республика театр- ларында сахналанды. Туындылары орыс, укр- аин, эстон, неміс тілдеріне аударылды.

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани қазығы, елдігіміздің айнасы. Шығармашы- лықтың төрінде Сіздей шынышыл, терең ойлы жазушылар тұрғанда, ұлтымыздың руханияты өркендей бермек.

Халқымыз «Қос тойын қабат болсын»

ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Табиғат – адамзаттың тал бесігі. Солай бола тұра, табиғатқа пайдалану мен қатар келтіріліп жатқан зиян да аз емес. Қарапайым коқысты тастай отырып, біз табиғатқа орасан зиян келтіретінімізді бірде байқасақ, бірде мүлдем ескермей жатамыз. Күні бүгінге дейін адамзат игілігі үшін жасалып отырған қаншама істің түбінде бір кесірі табиғатқа келтірер зиянының ұшан- теңіз екенін ұмытпауымыз керек. Осының бәріне табиғат-ана үнсіз қарап, бізге пана болуын доғарған емес. Адамзаттың қолдануы үшін барынша табиғи нәрселерді ойлап табу – табиғаттың адамзаттан күтетін үмігі. Біз табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреміз. Сондықтан табиғатқа зиян келтірмей, оны көркейтуге үлес қосуымыз керек. «Бір тал кессен, он тал ею» деп дана халқымыз айтқандай, табиғатты көркейту, оған зиян келтірмеу – адамзат алдында тұрған ұлы міндет.

Табиғат тамашасының бір түрі - орман-тоғай, аң-құстар. Олардың да тағдыры алаңдатып қана қоймай, дабыл қағу белсігіне де ие. Себеп біреу ғана. Үнемі қолданыс пен қажеттілікке ие болғандықтан, орман-тоғайға немесе аң-құстарға залал келтірушілер тарапынан тиетін соққыдан кейбір түрлері жойылып, ал кейбірі азайып қалып жатады. Олардың қайта көбеюі мен табиғат қорында орны сақталуы үшін браконьерлік топтарға тосқауыл болып, ескерту шараларын ұйымдастырап отыру бақылауға алынады. Мекеме орманшылары осы бағытта орман қоры жерлерінде орман және аң аулау заңдылықтарының бұзылуының алдын алу, орман және дала өртерін болдырмау, оны жою мақсатында жұмыс жасап келеді. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан

деген. Ұлттық рухты ұлықтап, елге адал еңбек етіп, саналы ғұмырын шығарма- шылыққа арнаған, журналистика, баспасөз саласында қызмет еткен Түменбаев Қуан- дық Ералыұлы ағамыз биыл мерейлі 70 жасқа толды.

Қуандық Ералыұлы 1955 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде, Мәскеудегі Әдебиет инсти- тутында оқыған. Еңбек жолын 1977 жылы баспасөз саласынан бастап, «Лениншіл жас» газетінде тілші, «Жұлдыз» жур- налы, «Алматы ақшамы» газетінде бас редактордың орынбасары болды. Бас- пасөз және бұқаралық ақпарат министр- лігінің, «Қазақстан» баспасының, «Үркер» роман-газетінің бас редакторы кесімтеттерін абыроймен атқарған, 30-дан астам кітаптың авторы. Шығармалары ағылшын, араб, орыс, түрік, неміс, көріс, ұйғыр, қытай тілдеріне аударылған. Ағамыздың еңбектері терең мазмұнымен, көркемдігімен, шынайылығымен ерекше.

Құрметті ел ағалары, мерейтойларыңыз құтты болсын! Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында қос қаламгерге Қызылорда облысының Құрмет Грамотасы табыста- лып, дәстүрге сай шапан жабылды.

Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек, әдебиет сыншысы, Қазақ- стан Жазушылар одағының мүшесі Аман- гелді Мырзабек жазушылардың өмір, шығармашылық жолы туралы айтып, құттықтауын жеткізді. Аймақ басшысы шараға арнайы келген Құлбек Ерғөбек пен Амангелді Мырзабекке де сырбойылық- тардың атынан сый-құрмет көрсетті.

Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданының Құрметті Азаматы Сәпен Аңсағат, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төр- айымы Қаршыға Есімсейітова жылы лебіздерін білдірді.

Республикасының Әкімшілік Құқық Бұзушылық туралы Кодексінде көрсетілген баптар (381-І, 382, 383, 367, 370, 372, 138 баптар) бойынша тиісті шаралар қолданылады.

Аншылық маусымы ашыла салысымен аңшы мылтығын арқаланып алып, аң аулауға жолдама парағын алғандарынан бөлек, заңсыз аң атып олжаға кенелгісі келетіндер де көптеп заңсзетіні анық.

Осыған орай аңшылық кезінде: -авиа, авто-мото көлікті пайдалануға; -ішімдік ішуге, наркотик және өзге де уандыратын заттарды пайдалануға -түнгі көздеп ату,дыбыссыз ату және лазермен дәлдеу құралдарын пайдалануға; -жарық түсіретін құралдарын пайдалануға тиым салынады.

Мінекей табиғат тамашаларының болашағына шабылып жатқан балтаның зияны көп . табиғатты аялау, оны қадірлеп өз балаңдай мәпелеу әрбір адам үшін ұлы міндет. Табиғи байлығымыз бен саркылмас қазынамыздың қадіріне жетіп, тіршілік тоқтағанша көрікті, жайнаған әсем келбетіне қолдан келгенше тұруына бір кісідей өз үлесімізді қосайық!

Әрбір әуесқой аңшылар ережеге сәйкес жолдама (путевка) арқылы аң аулауды жүргізулері тиіс. Заңсыз аң аулау оқиғалары анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқық Бұзушылық туралы Кодексінің 382 бабымен шара көрілетіндігін ескертеміз.

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-і

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ӨЗ ЕМХАНАСЫ БАР

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысының барысымен танысты.

Бас мердігер «Мелиоратор» серіктестігі қолға алған жобаның жалпы құны 36 млрд. 416 млн. теңге, құрылыс аумағы 47,9 мың шаршы метр. Нысан 10 блоктан, атап айтқанда, емхана, пансионат, конференц-зал, тамақтану, физиотерапия, қабылдау, әкімшілік, реанимация, химия және радиотерапия, сондай-ақ, операция бөлімдерінен тұрады. Заманауи талаптарға сай аурухананы 2026 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Аймақ басшысы бұл өңірдің денсаулық сақтау саласын жаңа деңгейге көтеретін маңызды бастама екенін атап өтті.

– «Алдағы уақытта Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен Қызылордада бірнеше медициналық нысан салынады. Осы аурухананың іске қосылуын халық күтуде. Жаңа көпбейінді медициналық орталық аймақ тұрғындарының денсаулығын сақтауға тың серпін береді. Құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімі қатаң бақылауда болады. Басты мақсат – халық игілігі үшін заманауи әрі қолжетімді емдеу орталығын уақытылы іске қосу», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Президент тапсырмасына сәйкес 12 облыста заманауи перинаталдық орталықтар салу көзделген. Қызылорда қаласында халықаралық тәжірибе мен жаңа медициналық технологиялар енгізілетін 200 төсектік заманауи перинаталдық орталық салу жоспарлануда. Нысанға 2,7 гектар жер учаскесі бөлінді. Алдағы жылы республикалық бюджет есебінен құрылыс басталады. Жоба құны – 48,8 млрд. теңге.

Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауына орналасатын 500 келушіге арналған емхананың жоба- сметалық құжаттамасын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 148 млн. теңге қаралды. Қазіргі таңда құжаттама мемлекеттік сараптамаға ұсынылған, қорытындысы 15 қарашаға дейін алынады. Жобаның құны шамамен 14 млрд. теңге, құрылысы келесі жылы басталады.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ТАНЫТТЫ

Қазанның 23-24 күндері Республика күніне және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына 100 жыл толуына орай, облыс әкімінің қолдауымен Швейцарияның Женева, Берн қалаларында Сыр өнерпаздарының концерті өтті. Концертке Швейцариядағы шетелдік елшіліктердің басшылары мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, Женева және Берн қалаларындағы қазақ диаспорасы, білім алушы студенттер мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Мереке аясында облыста ауқымды мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылғаны белгілі, енді оның легі шетелде де жалғасуда. Бұл концерттің мақсаты – қазақ мәдениетін, ұлттық өнерді, Сыр өңірінің жыр аулық дәстүрін әлемге таныту. Оған ұлттық музыканың жауһарларын төрткүл дүниеге паш еткен халық аспаптар, «Томирис» би ансамбльдері, айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері М.Ниязов, «Құрмет» орденінің иегері У.Мелеуова, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Қ.Мейрамбек, Мәдениет саласының үздіктері А.Шағдатов, М.Мақұлбеков, дәстүрлі орындаушылар Ә.Қуанбаев, Т.Өтенова, айтыскер-ақын Б.Орынбасар, Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары М.Аманжолов, А.Шалаев, А.Махамбетжан, А.Әбді, А.Торегали және М.Жантөре, А.Шүкіров, Ж.Жұмабек, Ж.Қайыпберген, Н.Рүстемұлы, З.Нысанбаев, Т.Аяпова қатысып, өнер көрсетті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас же- мқорлыққа қарсы мәдениеті деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деп адамның саналы және адам- гершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс- әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез –келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор.



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Достық үйі» жаңа ғимаратының құрылыс алаңына барды. Бас мердігер «Астана Сервис LTD» серіктестігі құны 3 млрд. 545 млн. теңге болатын жобаны жүзеге асыруға сәуір айында кірісті. Жыл соңына дейін құрылысын аяқтап, пайдалануға беру жоспарланған.

Үш қабатты ғимараттың жалпы ауданы 3912,29 шаршы метр, бірінші қабатта ашық кеңістік форматында түрлі форумдар, лекциялар, көрмелер мен концерттер өткізуге арналған көпфункционалды залдар орналасады. Ал екінші және үшінші қабаттарда облыстық этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдарға арналған кеңселер мен қызметтік бөлмелер қарастырылған.

2022 жылдан бері облыс аумағында жаңадан 15 мәдениет нысаны салынды. Барлық 7 ауданда 11 млрд. 500 млн. теңгеге «Руханият орталықтары» бой көтерді. Сондай-ақ «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі пайдалануға берілді.

Өткен жылы мәдениет саласының қызметкерлеріне арналып алғаш рет көп- қабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Бұл мәдениет қызмет- керлерін қолдау бағытындағы маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі болды.

САЛАУАТТЫ ӨМІРГЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда Арена» көпфункцио- налды спорт кешенінің құрылыс барысын көрді. Жобаның бас мердігері «Asrap holding», бас жобалаушысы «Жоба», техни- калық қадағалаушысы «Строй-Проф» серіктестіктері. Ғимарат 2252 көрерменге арналған, 9 блоктан тұрады. Онда олим- пидалық стандарттарға сай бассейн, футбол, баскетбол және волейбол алаңдары, 150 орындық конференц-зал қарастырылған. Кешен құрылысын 2026 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

Өңірде салауатты өмір салтын ұста- натын азаматтардың спорт инфрақұры- лымына қолжетімділігі жыл өткен сайын артып келеді. Жаңадан салынған спорт кешендерінде, спорт және ойын алаңда- рында, жауу және веложүргіншілерге арнал- ған жолдарда дене шынықтыратын, күнде- лікті жаттығу жасайтын, жүгіретін және велосипедпен серуендейтіндер көбейген.

Қазан айының бас жағында Сол жағалауда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион ашылды. Спорт нысаны УЕФА талаптарына сай, материалдық-техникалық базасы соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған. Жаңа ғима- раттың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр,

жасыл алаңнан бөлек, бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, тасквондо және ауыр атлетика залдары қамтылған. Спорт залдары келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет етеді.

Ойыншыларға қолайсыздық тудырмау үшін футбол алаңының астыңғы қабатына жылу желісі жүргізілген. Жасанды қоғал- дың астына 2 см болатын шокпад (shockpad) амортизациялық төсемі қапталды. Бұл технология «Astana Arena» және «Kaysar Arena» стадиондарына ғана енгізілген. Барлық талапқа сай келетіндіктен, халық- аралық дәрежедегі ауқымды ойындарды өткізуге толық мүмкіндік бар.

Өңірде спортты дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соңғы үш жылда 20 спорт кешені ашылды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 6 спорт кешені салынып, пайдалануға беріледі.

«Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд. 900 млн. теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Биыл қордың қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар игілігіне айналды.

Гастрольдік сапар аясында көрерменге концерттік бағдарлама- мен қатар, қазақтың ұлттық тағамдары, ұлттық нақышта жасалған сый-сияпат ұсынылды. Жұртшылық таным мен тағалымға толы кеш сыйлағаны үшін сырбойылық өнерпаздарға алғыс білдірді.

Былғы жылы Республика күнін кен көлемде атап өту және қазақ өнері мен мәдениетін әлем жұртшылығына таныстыру мақсатындағы Сыр елі өнер майталмандарының Швейцариядағы концерті Берн қаласында қорытындыланды.

Мерекелік шараны Қазақстанның Швейцариядағы және Лихтенштейндегі Елшісі Қайрат Саржанов ашып, өнерпаздардың ұлттық мәдениетті дәріптеудегі еңбегіне ризашылық білдірді. Концертке Швейцария Сыртқы істер министрлігі Еуразия директоратының басшысы, Елші П.И. Фукс арнайы қатысып, қазақ диаспорасын және шығармашылық ұжымды Республика күнімен құттықтады. Сондай-ақ, Берн қантонының басшысы, Швейцарияның мемлекеттік органдары мен дипломатиялық корпус өкілдері, іскерлік топтар және қазақ қауымдастығының мүшелері қонақ болды.

Берн төріндегі бірегей концерт екі ел арасындағы мәдени және рухани байланысты тереңдетіп, қазақ өнерінің халықаралық деңгейде танылуына кең жол ашты. Қазақтың әуезді әні мен күмбірлеген күйін паш еткен өнерпаздар көрермен ықыласына бөленіп, зор қошеметке ие болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал», делінген.

Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңна- маны сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай- ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор.

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ» КММ

Мыңжылдық, әрі ғасыр айрығы 2000 жылы жер-жерде өз дәуірінде өшпес із қалдырған заманның заңғар азаматтарын айқындады емес пе, Қызылорда облысында XX ғасыр адамдары аталған 10 әйгілі тұлғаның бесеуі Шиелі перзенттері екендігін шиеліліктер зор ілтипатпен ауыз толтыра айтады. Сол ел мақтанышы кімдер еді десек, олар тек Шиелі, не Сыр бойының ғана емес, күллі қазақ халқының мерейіне айналған, мойындалған тұлғалар – Мұстафа Шоқай, Ыбырай Жақаев, Нартай Бекежанов, Әбділда Тәжібаев, Шаһмардан Есенов. Әйтсе де бүгінгі әңгіме туғанына



биыл 135 жыл толып отырған Нартай туралы.

Күллі Қазақстанға ақын-жыршы Нартай Бекежанов есімі әйгілі болғанымен, Нартай өзінің алдындағы аға буын Бұдабай Кабылұлы және туған ағасы Мәнсур ақындарды үлгі, ұстаз тұтқан. Он жеті жасынан жыр төгіп, ән салған бұлбұл үнді Нартайдың, Нартай мектебі шәкірттерінің айту мәнері күллі қазақ арасында өзгеше, оны басқамен еш шатастыра алмайсыз.

Нартай 1890 жылы Сыр елінде осы күнгі Қызылорда облысының Шиелі ауданында Қаратаудың бітер тұсына жақын Бестама жерінде дүниеге келген. Әкесінің аты – Алыпқаш, бірақ Нартай мектепке барғанда Бекежан атасының атына жазылған. Ағасы Мәнсур де. Ағалы-інілі Мәнсур мен Нартай екеуінің шешелері бір де, әкелері ағайынды. Мәнсурдің әкесі Қонақбай қайтыс болғанда оның туған тете інісі Алыпқаш әменгерлік жолмен Бақтыгүл женгесін алған екен. Содан Нартай және оның басқа да інілері мен қарындасы дүниеге келген. Бұдабай ақын жоқтау арнайтын әйгілі Әйке болыс, Қонақбай және Алыпқаш – Бекежанның сегіз ұлының үшеуі. Бұлардың шыққан тегі Сыр бойында Шиелі жерін қашаннан мекен еткен шұбыртпалы арғын елі, әйгілі Ағыбай батырмен туыстас. Туыс болмаса Әйке болыс қаза болғанда жасағын сайлап Нартай Шиелідегі қыпшақ еліне келе ме. Алдынан қыпшақ Бұдабай ақын шығып жоқтау айтқанда «қыпшақ қайта тірілтіп!» деп райынан қайтқан үлкен оқиға өткен, ел арасы бүлінбеген. Бұдабай ақынның жоқтауы талай жинаққа енген шығарма. Бұл өзінше бөлек әңгіме арқауы.

Бекежанның екі немересі Мәнсур мен Нартай әйгілі ақын болды. Ақын ағасы туралы Нартай былай дейді:
*Өз ағам ақын Мәнсур өлеңге тең,
Ол үйін өлеңнен жоқ өнер бөтен.
Үш жүздің небір айдын шалқарында
Мамырлап қаздай қалқып жүрген екен.*

*Дамбыра Мәнсур ағам ұстаған жоқ,
Көңілі жыр айтпақты құшпаған жоқ,
Сонда да ақын болып аты шыққан,
Бейкәсіп адамдарға ұқсаған жоқ.*

Нартай өнер жолына жас күнінен біржолата түседі. Нартай жасында түс көріпті. Саятшылықта тұзақ құрып қаршы-ғасы сары ала құсты ұстап алады. Ақ құба

Мәнсур ақын 1875 жылы Шиелі жерінде дүниеге келген. Ескіше сауаты болған. Қиссаларды, Сыр сүйлейлерінің өлең-жырларын айтып жүрген. Нартайдың Мәнсур ағасы туралы өлеңіне қарағанда ол ақындық жолға біржолата түсіп кетпеген сияқты. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылық кезінде Сыр бойының шамасы келген талай адамы өзбек, тәжік еліне ауып барып, жан сауғалағаны белгілі. Мәнсур де сол жаққа кетіп, 1933 жылы Өзбекстанның Наманган қаласында қайтыс болған. Мәнсур ақынның мұрасы көп жиналмаған. Тек Әуелбек Қоңыратбаевтың, Әбділда Тәжібаевтың, Мұхаметжан Рүстемовтің, Оразбек Сәрсенбаевтың, т.б. кітаптарында оның өнерпаздығы туралы біршама баяндалып өтеді.

Қазақстан мәдениет қайраткері, шиелілік өнерпаз, бүгінде марқұм Әшімхан Оспанов Мәнсурдің жарияланбаған мұрасын жинастырып, «Ұлылардан ұлағат» деген атпен өлеңдер жинағын шығарды, Мәнсур ақын шығармашылығымен таныстырып, игілікті іс атқарды. Мәнсур ақынның артында қалған мұрасының ең бір елеулісі «Иманжүсіпке хат» деген тарихи жолдау өлеңі. Бұл өлеңді 1912 жылы Досбөл бидің баласы Әуез Жетісуда айдауда жүрген әйгілі ақын, әнші, балуан, сері Иманжүсіп Құтпанұлына (Баймырзаұлына) арнап жаздырған. Әдебиеттің алтын қазынасына қосылған «Иманжүсіпке хат» деп аталатын бұл ұзақ өлең елдің, ердің тарихы, қазақтың бауырмалдық жыры, Сыр елі – Шиелі қыпшақтарының шежіресі. Бұл да өз алдына бөлек әңгіме етуге тұратын тақырып. Нартай өмірін, оның ортасын сөз еткенде осындай әңгімелер тарау-тарау болып кете береді.

Тек қысқаша айтып өтетін бір жайт – еркіндігі, өткір өлеңдері билеушілерге жақпай, Аркада қуғын көріп, қайта-қайта қамауға алынып, Өскеменге, Жетісуға айдалған Иманжүсіп Сыр бойындағы ағайындарынан осы өлең-хатты алған соң, айдаудан босанып шыққаннан кейін Аркада Ерейменде Есіл бойында көп аялдамай, аттың басын Шиеліге бұрады. 1914 жылдың көктемінде Иманжүсіптің ата-баба жеріне келуі үлкен оқиға болады. Сыр елі мұны «Батырдың ағайымен көрісуі» деп атады. Иманжүсіпті Шиелінің тұсында дария бетінде Қобыланды құмының етегіндегі Ақдала деген жерге қоныстандырады. Бұл ара қазір Бидайкөл ауылының жерінде. Көнекөз қариялар тігілген акбоз үйлердің көптігінен «Ақсала» деп те аталып еді дейді. Иманжүсіптің Шиеліден Перовскіге (Қызылорда) дейін барған бұл танысуы төрт айға созылып, өзінше жиын-тойға айналды. Оның қасында Мәнсур, Нартай, Ұлытаудан келген Тайжан ақындар бірге ерін жүріп, ел іші ән-жырға кенелді. Жұрт аңызға айналған алып батырды көріп, тұлғасына сүйсінді.

өнді бір кісі қасына келіп, бұл даланың еркесі – тора ала қаз, киелі құс, босатып жібер дейді. Бала қазды ұшырып жібереді, бірақ торы ала қаз қалықтап Нартайдың үстінен кетпей қояды.

Анасы Бақтыгүл Нартайға түсің керемет екен, саған ақындық, әншілік даритын болар, торы ала қаз киеш шығар деп, жақсылыққа жориды. Осы ретте наукастанып жатқанда көңілін сұрай келген Әсет ақынға көңілменен көк ала үйрек кош деп ұшты, сол шіркін кәрі жолдас өлең білем деп сырын айтатын Кемпірбай ақынның, босағамда тұратын қызыл

жолбарысым қайырылмай Алатауға кіріп кетті дейтін Жамбыл ақынның киесі еске түседі. Нартайға өнерпаздық Бақтыгүл анасынан дарыса керек, ол ауыл-ақсақ, ағайын тойының ерін келтірген әлепжөтәуір әнші кісі болыпты.

Нартай жасында Сыр сүйлейері Әубәкір Кердері, Балқы Базар, Бұдабай, Кете Жүсіп, Қанлы Жүсіп, Мұрат Мөңкешұлы, ағасы Мәнсурдің өлең-жырларын жаттап өскен. Көрші Ұлытаудан Сыр бойына қыдырып келген Тайжан ақыннан бата алған. Жастайынан өнерпаздық дабысы аймаққа тарап, әйгілі әнші, ақын, айтыскер, сері атанады.

Нартай шығармашылығының ең бір шарықтаған кезі өткен ғасырдың отызыншы – қыркыншы жылдары деп айтуға болады. Бұл кезеңде республикалық деңгейде ұйымдастырылған өнерасия шаралары Нартайдың қатысуынсыз өтпеген.

Әбділда Тәжібаевтың анасы халық ақыны атанған Айманкүл Тәжібай келіні топтан озған дүлділ Нартайдың өнерін жоғары бағалап:
*Нареке, жұртым сүйген нарым едің,
Жасыңнан жыр суына қанып едің.
Атанып ақындардың ағасың еді,
Тайқымай талай топты жсарып едің.
...Төккендей үннен інің, тілден маржон,
Керегін келелі едің тауып едің,—* деп сүйсінетіні осы тұс. Жамбылдың берген бағасын осы мақаланың басында эпиграф ретінде келтірдік.

Шабыты шалқып, өнері толысқан Нартай 1939 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық көрмеде өткен этнографиялық концертке қатысып, құйқылықта ән салады. Бұл оның байтақ қазақ даласы мен Сыр елі қашаннан етене аралас, күні кешеге дейін тұтас бір өлке Түркістанның бір аймағы Өзбекстан жеріне әйгілі болған одақтық деңгейге шығуы еді. Нартайдың осы этнографиялық концертте көрсеткен өнері туралы Кенес Одағының бас газеті – ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс, сөзі жерге түспейтін «Правда» газеті 1939 жылғы 28 тамызда былай баға беріпті: «Бекежановтың орындау шеберлігі, әсерлі жасқы үні Мәскеу көрермендерінің шын мағынасында айыздан қандырды. Мұның ән салу мәнері аз уақыт қана көз тартатын сыртқы шеберлік емес. Бекежановтың ән салу мәнері – өте сирек кездесетін іші алтын, сырты

күміс шын өнер. Бекежановтың дауысы жағымды, құлаққа жылы тиеді. Жиналған халық оның әнін ерекше ықыласпен ұйып тыңдады. Әншінің әсерлі сазы, сүйкімді үні өлең мағынасын айтпай-ақ түсінікті етіп шығарды. Мұндай жағдай тек асқан суретшілерге ғана тән шеберлік. Өлең мағынасын түсінбеген жұрт әншінің не айтқысы келгенінің бәрін де әннен ұқса, бұдан асқан өнерпаздық бола ма?!».

Сол 1939 жылы қарашада Алматыда халық ақындарының слеті өтеді. Оған Жамбылдан бастап елдің түкпір-түкпірінен белгілі ақын-жыршылардың бәрі келеді. Ақындар айтысында Нартай мен Нұрлыбектің сайысы ерекше тартымды шығып, слеттің шырайын кіргізеді. Осы жолы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы қазақ халқының ауызша халық шығармашылығын өркендету ісіне озат сіңірген еңбегі үшін Доскей Өлімбаевқа, Нұрпейіс Байғанинге, Нұрлыбек Баймұратовқа және Нартай Бекежановқа Қазақ КСР-інің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер атағын береді.

1945 жылы ұлы Жамбыл қайтыс болғанда көңіл айтуға келген қырғыз ақын-дарына өлемен толымды толғау жауапты Нартай қайтарды. Ағайын елдің ақын-дары алдында есе жібермеген дүлдүл ақынға ұлы Мұхтар тәнті болған екен. Сол жылы ұлы Абайдың 100 жылдық тойында республикалық ақындар айтысында бас бөйге – қара

төбел тұлпарды жеңіп алған тағы да Нартай еді.

1949 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің екінші онкүндігін салтанатты жыр шашумен ашу Илияс Омаровтың ұсынысымен Нартайға бұйырды. Онкүндікке бірге барған дүлділ ақындар замандастары Кенен мен Шашубай да Нартайды қолайлайды. Алғаш 1936 жылы Мәскеуде өткен осындай онкүндікті Жамбыл ашқанын еске алсақ, бұны Нартай ақын талантын бағалаудың шыңы деп қабылдауға тұрады. Соған орай күллі қазақ өнерін талғампаз Мәскеу жұртшылығы алдында құйқылжыған үнімен таңғалдыра, тамсандыра таныстыра алған Нарекенің сырайды құлаштай тартып, жыр төгіп тұрған сол бір мерейлі тарихи сәтінің суреті барлық дерлік анықтамалық бассылымға жарияланып келеді.

*Мен міне, заманымның жүйрігімін,
Бабыма осы күні күйлі жүрмін.
Ашпа азық, тоқта туған секілденген,
Ішінде сүйлейердің сүйрігімін,—* дейтін өлеңі осындай көңіл шат сәтте өздері туралы көтеріңкі айту ақындарға жарасқан дәстүрде өзіне берген теңеуі болса керек.

Соғыс жылдарында Нартай құрған өнер бригадасы ауыл-ауылды, тіпті кей ретте жаяу аралап, ел рухын көтерген концерттер беріп жүрді. Сендерге семсер болсын менің жырым деп, елдің рухын көтере білген керемет еңбегін, айрықша үнін көне көз қариялар әлі күнге жыр етіп айтар еді. 1944 жылы соғыстан елге қысқа уақытқа демалуға келген Әзілхан Нұршайықов бастаған бір топ майдангер кей қайтарда Қызылордаға соғады. Облыс басшылары Шиелі биыл күріштен мол өнім алды, бірнеше ауданның басы қосылатын топ сондықтан Шиеліде өтеді деп, бұларды бірнеше күнге Шиеліге алып келеді. Қайтарда Қызылорда облысынан алпыс тонна күріш, қырық тонна балық алып, майданға аттанады. Ардагер Нартай ақын, соғыстың ауыртпалығына қарамастан қайыспай еңбек етіп, майданға жан аямай болысып жатқан еңбегін жұрт – ер халық ерекше ұмытылмастай боп көңілімізде қалды. Осы себептен бе, маған Қызылорда өзге облыстардан гөрі ыстық, – деп тебіренген еді майдангер жазушы Әзілхан өз естелігінде.

Нартай ауылдарды аралаумен шектеліп қалмайды. Дауылпаз Нартай бастаған топ майдан шебінде екі жүзден астам концерт беріп, жауынгерлерді жігерлендіріп қайтады. Нартай басқарған концерттік бригада құрамында Күндебай Алдонғаров, Мырзабай Әділов, Ауан Әділова, Қалампыр Әділова, Хадиса Баймағамбетова, Әбужүсіп Баймұратов, Тұрсынқұл Баяханова, Өлібек Бәйкенов, Аїзахан Бижанова, Күлән Дауылбаева, Жалдыбай Елеуенов, Әбдірәсіл Жұбашаханов, Балқашбай Жүсіпов, Сабыт Жүсіпов, Төлеген Қаражігітов, Пәтима Төлегенова, Ақмырза Тұяқбаев, Кәделі Тұяқбаев, Рахила Тұяқбаева, басқа да белгілі айтыскер ақындар, термешілер, әншілер, бишілер, күйшілер, қысқасы, ел ішінен шыққан таланттар болған. Қалың жұртшылық оларды күтіп жүреді екен. Қызылорда облыстық филармониясы кейін осы бригаданың негізінде құрылады.

Кенен ақын осы орайда Әбділда Тәжібаевқа мынадай естелік айтқан. «Еліне қызмет істеймін деген шын ақын – үздіксіз шабатын, қашан жығылғанша жүгіретін тұлпарға тең. Нартай сондай еді... Егер кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ел аралаған, тынбай жырлаған, жылағанға жұбаныш айтқан, болдырғанға дем берген ақындардың өз аты кім? – деп менен сұрасаң, мен кідірмей Нартай дер едім, бірінші жүлдені де соған берер едім...

Болдырмасым еді ғой, Арқа мен Сырды, Алатау бауырын тындырып болып, өзбек пен түрікпен, тәжік пен қарақалпақты да аралады-ау, батырым...». Осындай қажымас қайрат көрсеткен еңбегі «Құрмет белгісі» орденімен аталып өткен.

Нартай дауысының ерекшелігін, күдіретін жақын аралас болған Әбділда Тәжібаев өз естеліктерінде айрықша сипаттап жазып кеткен.

Термен жылыған тамақтың жарықшақтары жоғалып, әбден сауыққан шақта шырқап көтерілген дауыста шек болмайды екен. Қоңыр баритон қыза келе шырқаудағы шырылға айналғанда тыңдаған халық тілдерін тістеп тына қалады. Содан жаңағы үн төмен құлдилап түсе бергенде:

- Жеткізді-ау жеріне! Жаса, дүлділім! – деген дауыстар әр жерден-ақ естіліп жатты,— деп сүйсінеді Әбекең 1976 жылы шыққан өзінің «Жылдар, ойлар» деген кітабында.

Асқақ дауысты әншіні домбырадан гөрі гармон қоздырып, көтеріп жібере ме деп ойладым. Расында Нартай дауысын адамның үні деуге сеніп болмастай. Аспаңға шыыршықтап атылған от арқандай көтерілген ән ырғағы әлден кейін сан түрлі ирелендеп шоқтар шашып, ол иректер жүрген жолына біз көрмеген жалын оюлар салып қайтатын секілді. Жете беріп үнсіз тоқтаған адамдар дем алғандарын сездірер емес, ән қанатының суылын есту үшін

тұрған жерлерінде сілейіп қалыпты. Нартай көкке шарықтаған қыранын қайырып әкеп жерге қондырғандай сан құлпытрып әнін аяқтады, деп Әбекең осы күні мереке-тойларда атылатын сан түспен құлпытрғанда еріксіз таңғалдыратын отишауларды көз алдыңызға әкеледі.

Бұл суретті Әбекең – Әбділда тағы былай жалғастырады. Әнді көп, ұзақ айтқаннан адамның тамағы қарлығады, жағы талады деуші еді, Нартай оны растамады. Ол айтқан сайын өршігіп, күшейе түскендей көрінді маған. Сол түні Нартайды мен көл ұсынса жетпейтін биік, екі аяқтының тұлпары, екі қолдыңың сұңқары деп таныдым. Ол менің көз алдыма сонау аңыздарда айтылатын Асан, Сыпыра жырауларға айналғандай болды...

Ақын-сазгердің «Нартай әні», «Өздерің білер, Нартаймын», «Алтын көкем», «Бейбітшілік», «Жаса, Қазақстаным!», «Женіс жыры» «Серпін», «Толқын», «Базарым өтіп бара ма?» сияқты сырлы да сиқырлы, жүрек тебірентерілк, құлаққа жағымды талай ән-жырлары бар. Өкінішке қарай оның ән-жыр, айтыстарының бірде-бірі өз аузынан, өз үнінен не күйтабаққа, не үнтаспаға жазылып алынбаған. Қазақстан мұрағат қорларында жоқ, мүмкін Мәскеудегі мұрағаттарда іздеушісін күтіп жатқан болар... Оның ән-жырларын кезінде өз құлағымен естіген талантты орындаушы замандастарының Нартайға мейлінше жетеқабыл жақын айтып қалдыруымен, үйретуімен, яғни бағзы заманнан келе жатқан ауыздан ауызға, құлақтан құлаққа жеткізу дәстүрімен үзілмей, жалғасып кетті.

2012 жылы мамырда Астанада «Шабыт» концерт залында «Өздерің білер Нартаймын» деген атпен әнші-жыршылардың республикалық І конкурсы өтті. Бұл өнер жарысын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат, Білім және ғылым министрліктері, Қызылорда облысы Шиелі ауданының әкімшілігі, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университеті, осы университеттің Қорқыт атындағы өнертану ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырды. Конкурстың мақсаты – XX ғасырдағы қазақ өнері мен мәдениетінің аса көрнекті өкілі – майталман өнерпаз: әнші, жыршы, ақын, сазгер Нартай Бекежановтың мәнері өзіндік ерекше шығармашылығын республикалық деңгейде насихаттау, жас ұрпақтың ұлттық дәстүрлі өнерге ынта-ықыласына серпін беру, Нартайдың азаматтық, өнерпаздық бірегей тұлғасын таныта түсу еді. Қазақстанның халық әртісі, профессор Қайрат Байбосынов төрағалық еткен сайтыса қазылар алқасы бас бәйгеге Клара Төленбаеваны лайық деп ұйғарған болатын. Осындай өнер сайыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып жатса, ел арасынан жана таланттар шығары сөзсіз.

Нартай айтыс ақыны да. Әдебиеттанушы ғалымдар оның Әйдармен, Апузамен, Ардакпен, Жібекпен, Зеремен айтыстарын, басқа да сөз қағыстарын түре айтысқа жатқыза, Кененмен, Қазанғппен, Нұрлыбекпен айтыстарын сүре айтыстары санатына жатқызады. Олардың қай-қайсысы да ұтқыр да, өткір сөз өнерінің маржандары.

Замана бұлбұлы һәм дүлдүлі Нартай 1954 жылы 64 жасында науқастан қайтыс болады. Зираты туған ауылында, басына үлкен кесене тұрғызылған. Ұрпақты, туыстары ауылында, үлкен ұлы Махмұт Алматы қаласында. Махмұт 2007 жылы Алматыда «Білім» баспасынан «Өздерің білер, Нартаймын» деген атпен ақын әкесі туралы естеліктер жинағын құрастырып шығарды.

Нартайдың өнерпаздығы, қайталанбас дара үні халықтың көңілінде. Нартай Бекежанов ауылы еңбек даңқы дәстүрі бай,

ән мен жердің мекені. 1990 жылы оның туғанына 100 жыл толуы құрметіне ауылға есімі берілді, орта мектеп те Бекежанов атында. Бұрын ауылдың аты «Үлгілі», шаруашылықтың атауы «Коммунизм» болған еді. Үлгілі десе дегендей-ақ. Бұл кешегі кеңес заманында Шиелі ауданында қазақтан Социалистік Еңбек Ері көп шыққан ауыл – күрішші дикандар Маман Қалдыбаев, Байдүйсен Оразов, Шырынкүл Қазанбаева, шопан Нартай Көкиев ел мақтаныштары шыққан ауыл. Бұл еңбек майталмандарының ерлік істері өз алдына бөлек әңгіме. Ауылда Нартай ақын-сазгердің мұражайы жұмыс істейді. Мұражай алдында келген жанды әнімен қарсы алып, сырнайын құлаштай тартып отырған Нартай ескерткіші тұр.

Бұдан басқа Қызылорда облыстық музыкалық-драма театры Нартай атымен аталады. Күміс көмейінен талай шабытты жыр ағылған Нартай ағамызға Алматы қаласынан көше берілген. Осындай құрмет Астана қаласы әкімшілігі тарапынан жасалса, нұр үстіне нұр болар еді.

Нартайдың ақындық мұрасы Әбділда Тәжібаевтың алғысөз естелігімен 1982 жылы «Өсиет» деген атпен жинақ болып басылып шықты. Нартайдың бей-маза өнерпаздық өмірі шиелілік каламгерлер – көрнекті жазушы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері Оразбек

Сәрсенбаевтың «Шамшырақ» романына, жазушы-сазгер Мұхамеджан Рүстемовтің «Нартай» деректі повесіне, драматург Оразбек Бодықовтың «Ақын мен Батыр» драмасына арқау болды, қаншама алдыңғы толқын ағалардың естелігінде Нартайдың азаматтық, өнерпаздық келбеті сұлу суреттеледі, ақынның ер тұлғасы суретшілердің қыл қаламына қиял бітірді. Жергілікті ақын Айдар Достияров «Өздерің білер Нартаймын» кітабында ақын өмірін, шығармашылығын, ізбасарларын сипаттаса, елдегі сазгер Өркен Исмаил белгілі жанакорғандық ақын Қадыр Жүсіповтің Нартайға арнаған «Нартай әні» өлеңіне ән жазды.

Жыр елі Шиеліде Нартай өнерін жалғастырып, республикаға танылған айтыскер ақындар, әншілер, жыршылар баршылық. Солардың ішінде сүйейлер дәстүрін үзбей бүгінгі күнге жеткізген, талай мәрте Сыр елі атынан астана, басқа облыстар сахналарында өнер көрсеткен өнерпаздардың аса көрнектілерін атай кеткен орынды болар. Әбілаш Әбуов, Мырзабай Әділов, Көбек ақын, Мұқан Бәлекейұлы, Құрманбек Бекпейісов, Молжігіт, Палжігіт Берсүгіровтер, Зәкір Жақыпов, Рахметулла Жолтаев, Кен-жебай Жүсіпов, Бөрібай Есіркепұлы, Палымша Күзембаев, Таубай Қирабаев, Мүтәліп Қыраубаев, Арзулла Молжігітов, Әлімрза Ноғайбаев, Әлімхан Оспанов, Тәліп Райымбеков, Іскендір Төлімбетов, Махамбетқали Тұрсанов және басқаларының есімдері облысқа, елге жақсы мәлім. Шиелі аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Нартай сазы» ансамблі өнер көрсетеді. «Нартай мектебі» жұмыс істейді. «Нартай мектебінің» түлектері Ақмарал, Әзілхан, Елжас, Ержан, Еркін, Мейірбек, Нұртілек, Мұханбетәлі, Інжулер көп үміт күттіретін таланттар. Осылай өнер жалғасып жатыр.


Сыр елі, оның ішінде Шиелі қашанда ардақты азаматтарын асқақтатудан, мерейін көтеруден кенде қалған емес. Сыр елінде кейінгі жылдары ел өміріндегі елеулі оқиғаларды, сондай-ақ осы өңірде туып-өсіп, бұл күнде республикаға, облысқа танылған бетке ұстар мақтаныш азаматтарды әспеттеуге айрықша мән беріп келеді. Ел рухын көтеруде бұл да бір ұтымды іс болып отыр. Осындай айтулы шаралардың басын қосып «Алтын күз» мерекесі аясында бірнеше күндік кен ауқымды іс-шаралар түрінде өткізу дәстүрге айналған. Былғы қазан айында Шиелі ауданында Республика күніне орайлас өткізілетін «Алтын күз» мерекесінде түркі әлемінің көсемі Мұстафа Шоқайдың және халық ақыны, сазгер Нартай Бекежановтың 135 жылдығы, көрнекті жазушы Қуандық Түменбайдың 70 жасқа толу мейрауылары қатар тойланды. Осылай дәріптеу арқылы өлкенің өнегелі істерін ой елегінен өткізіп, жастардың бойына асқақ армандар, отаншылдық сезімді сіңіру, барымызбен мақтана отырып, ертеңімізге көз салу тойдың басты мақсатына айналды. Сыр елі – Шиелінің тумасы, көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оразбек Сәрсенбай:

*Маңғі бірге Мұстафасы Шоқайдың,
Ұмытылмас Ыбырайы Жақайдың,
Әні тірі, жесыры тірі Нартайдың,
Қайсыбірін түп-түгендеп айтпайын,—* деп тебірене жыр арнаған еді кезінде.

Қазақ аспанында қалықтаған Нартай әуені, елдің ықыласы, дәстүр осылай жалғаса береді, өрелі өнер – өміршен...

Ақайдар БЫСЫМҰЛЫ,
Қазақстан мәдениет қайраткері,
Қазақ журналистикасының қайраткері,
Қызылорда облысының
Құрметті Ардагері,
Шиелі ауданының Құрметті Азаматы

Кітапхана



ӘРЕКЕТ ТҮБІ – БЕРЕКЕТ

1996 жылы желтоқсанның 28 жылдызында университет ұжымымен хош айтысып, студент жастардың жаңа жылдық шыршасына қатысып, жана қызметіме аттандым. Ресми қызметім –арнайы экономикалық аймақ төрағасы, әрі қала әкімі. Бұл мәртебенің жеңілдігі көп. Қызылорда көлеміндегі салық қала бюджетіне түседі де, белгілі мөлшерін ғана облысқа береміз. Қалғанын өз мүддемізге сай жұмсаймыз. Алғашқы аптадағы уақытым қаладағы жылу орталығына қарасты үйлерді аралаумен өтті. Жылу мардымсыз, жоғарғы қабатқа су жетпейді. Біздің жағдайымызда атаулы мәселе қалай шешілуі тиіс? Бізге дейін арнайы экономикалық аймақ мәртебесін алған Лисаковск мен Астана қалаларына мамандарды іссапарға жібере бастадым. Тіршілігіміздің басы үйлердің құжырасындағы көнерген құбырларды жаңасына ауыстырудан басталды. Жылу – денсаулық, көріп пен көсердің, үлкен-кішінің жанын сақтап қалатын қуатты күш.

Студент кезімізде демалысқа келген сайын үйдің көмірі,тамызығы деп тыным көрмеуші едік, бөрі сол жылу үшін. Сондықтан да кінәраты көп саланы дұрыстап жөндеуден өткізейін деген шешім жасадым. Арғы жағы қолдан келетін шаруа. Жұмыс қып. Тікшақпен ұшып, қаланы төбесінен аралап шығамын да, қай көшенің бұрышында күл, қай жерде қоқыс жатыр – бөрің карта бетіне түсіремін. Соған сәйкес, жігіттерге нақты тапсырма беріледі. Коммуналдық қызмет жөніндегі орынбасарым Жеткерген Оразбаев тәжірибесі мол, қала төңірегінің ұңғыл-шұңғылына дейін білетін маман. Мәселенің кілті экономикада тұрғасын, осы сала бойынша бірінші орынбасарлыққа Ирина Леонидовна Кимді тағайындадым. Бұған дейін өкімің орынбасары болып келген Дариға Ақмағамбетова: – Бәке, бір әкімшілікте екі әйел орынбасар бола алмайды. Маған қызмет аuyстыру керек шығар. Өзіңіз ойластырып көрерсіз, - деп өтініш айтты. Дәкең орнын тауып кетті, университеттегі өзім жаңадан ашқан “Қабілет” мектеп-лицейіне директорлыққа ұсындым.

– Рахмет, бұл дұрыс болды, - деп Дәкең кірбіңсіз, жаңа қызметке кірісіп кетті.

Идеология жөнінде өзіме жарамды серік болатын жігіт Бауыржан Омаров деген пікірде едім. Себебі, қаладан газет, теледидар ашып, оны өз мүддемізге сай дұрыс пайдалана білуіміз керек-ті. Бауыржан ұзақ жыл “Жас алаш” газетінде қызмет жасаған қаламы қарымды журналист. Оның үстіне университеттегі тәжірибесі бар, ақпарат құралдарына ақыл-кеңес беруге шығармашылық қуаты жетіп артылады. Қала-даланың өмірін біледі, өзі сонау Арал теңізінің “Қаратерен” деген ауылында туып өскен. Елде ержеткен азаматтың адамгершілік тәрбиесі бөлек қой. Бауыржан менің ұсынысыма келісті. Сол Бауыржан бір күні маған өтініш айтып:

– Бәке, сіздің қабылдауыңызда менің өкем күтіп отыр. Қанша жерден сабылып келмей-ақ қоюын өтініп едім, тыңдар емес. “Қарағым, осы істеп жүрген қызметің шын ба, көзімді жеткізейін. Көзім жеткен соң үнісің қалмай бастығыңа алғысымды айтайын. Атаңда жоқ қызметті қалай ұстата салды, себебін білейін – дейді.

Бауыржанның әкесі кабинетке кіруіне көп сөйлестік.

– Аға, бұл арада тамыр-таныстықтың ұштығы жоқ, - дедім байыппен. - Ректор кезімде өзім Алматыдан іздеп тауып алған жігіттерімнің бірі. Қатар қызмет атқарып, шамасын байқадым, енді қала әкімі болғанда, сол еңбегі мен қабілеті үшін қасыма әкеліп отырмын. Бауыржанға үлкен сенімім бар. Бәрі елде жүрген сіздің еңбегіңіздің арқасы. Енді баланыңз ұятқа қалдырмай, жақсы жұмыс істеуі керек, бар өтінішім осы ғана. Басқадай пікірдің болуы мүмкін емес.

Ағамыз риза болды, батасын берді, көңілі жайланып, ауылына райлайып қайтты. Сол Бауыржан қазір ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тіл комитетінің төрағасы, ғылым докторы. Кезінде бағыт беріп, қабілетін халық игілігіне тұтыңған шығармыз, әрі қарай “талапты ерге нұр жауар” деген ғой, өсу жолын өзі жалғастырды.

Төңірегіме топтасқан бірқатар жігіттер жұмысты бастап кеттік. Қала дегенде ауызға жылу жайынан кейін тазалық мәселесінің оралатыны мәлім. Көшелердің рельефін анықтау, сол арқылы

арық тарту оңай шаруа емес. Жалпы есеп бойынша, дария суы шығыстан батысқа қарай ағуы керек. Тұран ойпатының орналасу деңгейі солай. Бізде осы заңдылық бұзылған. Көшелерге тартылған арықтардың бірімен су жыламсырап жүрсе, екіншісінде ағатын жер таппай, кенересі толып, жан-жағын басып кетіп жатады. Таудың жайпақ етегі болса бір сәрі, төмен ағып кетер еді. Мұнда бір тамшы суды да, ығытын тауып, бұрып отыруың керек. Қашаннан бері қала сәулетшілері мен коммуналниктерінің бас қатырған мәселесі бұл. Сондықтан қаланың шеткі аймақтарына арық арқылы аяғымен су бармай қалады. Сусыз жер қуарып ,шаңдатып, сорланып, көксіз-көріксіз болып жатады. Суды қала көлеміне жеткізу үшін әрбір елу метр сайын нивилер атып, жер ыңғайына арықты бұрып отырған жөн. Қанша жерді айнала шапқан арық суы ақыр соңында Тұранның

Мемлекет және қоғам қайраткері Б.ДОСМАНБЕТОВ:

ОСЫ ҚАЛАҒА МЕНІҢ ДЕСІҢІРГЕН ЕҢБЕГІМ БАР

ежелгі ережесінен шыға алмай, Шығысқа қарай ағуы тиіс. Бұл бір шешуі қиын жұмбақ. Қай жылы “Арай” саяжайының бергі бетінен үй салушыларға участок беріліп, оны суландыру жобасы қоса ұсынылды. Жобаны жасаушы гидролог мамандар, шығыстан батысқа емес, суды батыстан шығысқа қарай өз аяғымен жеткізуді жоспарлапты. Алғашында бұған ешкім ден қойған жоқ. Бір шақырымдық шағын қарықтың нивелерін мамандардың дұрыс қоятынына ешкімнің күмән жоқ-ты. Сөйтіп, арнаны ашып жібергенде, дарияның суы үріккен қойдай дүрлігіп, шығысқа қарай аяғын баспай қояды. Одан әрі арнаны толтырса, жиегін жығып кететіндей қаупі бар. Сол арадан өтіп бара жатқан бір шал:

— Әй, не істеп тұрсыңдар? Теріс оқырғырлар-ау, сендер арық қазған жер Тұран деген ойпат болады. Сол ойпаттың етегінен төбесіне қарай су аққанын қай ата-бабаңнан естіп едің? – Денгейің өлшеп едік... – Денгей әрі кетсе, бір ғана шақырым жер.

Бүкіл ойпаттың деңгейін сен өлшей алмайсың, оның тек айтқанын ғана қыласың...

Міне, нағыз су шаруашылығының мамандары халықтың арасында жүр. Сондай талантты мамандардың кемдігін қала көшелеріне су бармай, айнала қуарып, қоқыс басып жатыр. Су –тазалық көзі ғой, су айналған өңірдің ауасы сабат та салқын, аяқ астында қиқым-сиқым да жатпайды. Жүздеген көшеге дария суын жеткізу жетілдірілген, компьютерлік жобаны қажет етеді. Арықтың елу метр жерден деңгейі көтеріліп, екінші қырына аунап кететін «мінезі» бар. Тіпті нивелір ұстаған мамандар оның тілін таба алмай қиналып жүр.

Экономикалық аймақ кезінде қалаға жақын шаруашылықтар біздің құзырымызға көшті. Оңтүстікте қырық шақырым қашықта жатқан «Бесарық» деген ауыл бар. Соның үстінен өтіп бара жатқанда, қай заманда қуатты техника, алып экскаваторлармен қазылып, аяқсыз қалған каналды көрдім. Тарихын білдім.

Кеңес өкіметі кезінде «Бесарық» өңірін суландырып, күріш екпекші болған. Білікті су мамандары әрі ақылдасып, бері ақылдасып, өлшеп, кесіп, осы каналды қазған екен, ұлпанынан су жүрмей қалыпты. Сыр бойының ойпат екенін ескермепті.

Міне, осылай жердің жайпауыт, қала көлемінің шашыраңқы жатуы көшелерді көркейтуге, көгалдандыруға елеулі кедергілер келтірді. Жасыл желек гегілік, су жеткізейік, жаз айындағы ыстығы қырық градустан төмен түспейтін қалаға тыныс берейік дейміз. Шанды басып, ауадағы ылғалды көтермесе болмайды. Кешегі көз көрген қарғалар айтады, өткен ғасыр басында Сыр бойында 1500 көл бар екен, кейін дария деңгейі түсіп, сосын жер асты сулары қашқасын, әлгі көлдің 300-і қалыпты. Қазір төңіректегі жиде, жыңғыл, шенгел, тораңғыл тоғайы сұйылған, ылғалы кеміген. Сыр бойы тарихта болмаған ыстық өлкеге айналған. Демек, қала аумағына тыныс берудің екі жолы бар. Біріншісі, суландыру және көшелерге жасыл желек егу. Екіншісі – томаға-тұйық етіп салынған қаланың қамашауын алып, көшелердің басын ашып, сырттан соғатын ауаның ішке енетіндей дәліз жасау керек. Әйтпесе, тар қапаста отырған адам секілдіміз. Әсіресе, бұрынығы целлюлоза-картон зауытының тұсынан өтіп бара жатқанда, қонсық иіс қолқаны атады. Кезінде мұны ағаш өңдеуге пайдаланатын химиялық конденсаттардың иісі болар деп жүргенбіз. Зауыт жұмысын әлдеқашан тоқтатты, қазір онда жұмысшы да қалған жоқ. Өнімі өтпейді. Ресей ағаш бермейді текке тұрған ғимаратқа айналған.

— Осы қоңсыған иіс қайдан шығады? - деймін орынбасарым Жеткерген Оразбаевқа.

– Қаладан шыққан алуан түрлі нәкіс, жуынды құятын тоғанға жетпей құбыр жарылып жатыр.

– Қанша уақыт балды?

– Бағыдан солай. Ауыл арасын алып кетпегесін, ешкімнің мойны жар бермей жүр.

Басына барып көрдім, жарылған құбырдың қасы быттасып қалған, оған қосымша құс фабрикасының қан-жыны науадай құйылып жатыр. Басқа облыстарда мұндай лас нәжісті айырып, бірін тыңайтқыш, екіншісін пайдалануға жарамды суға айналдыратын биологиялық тазалау станциялары бар. Біздегі тіршілік осы. Оның бәрін жаңалау қыруар қаржы мен қанша уақытты талап етеді. Амалсыздан құбырлардың бәрін ауыстырып салып, оны тоғанға дейін тарттық. Ескі тоған кенересінен асқан екен, қасынан екіншісін қазуға тура келді. Соны салып жүріп “Жоқтан бастаған іс жақсы, бардың машақаты ауыр екен” деген ой

түсті. Әйтеуір қаланың сол тұсы қолқаны алатын иіс-қоңыстан шамалап болса да арылды.

Жұмыстың келесі кезеңіне көштік. Қала орталығының көрнекті жерінен “Тағзым” алаңын салдық. Аты “Тағзым” болып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың құрметіне арналғанмен, онда егілген жасыл бақтың саясын тұрғындар көретін. Жасыл желек, көк майса, көлеңкелі орындықтар... Демалуға жетпеген таза ауаны осындағы хауыздардан алар деген ниет біздікі. Қалай қылғанда қала ішінде сквер, саябақ, фонтандар санын көбейту керек-ті. Осы мақсатпен қала мен Тасбөгет арасындағы жол бойына дендропарк ектік. Қала ортасында, көлемі кең, алуан түрлі ағашы бар осындай бір демалыс орны болсын деген ниет. Бірақ қала ішіне көк майса төсеп, көшені кеңейту, тыныс беру оңай шаруа болмай шықты. Әр жерден қарсылық та кездесті. Күнкөріс үшін отырған орнын кім көптің пайдасына босатып береді. Мысалы, А.Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінің көше бет қолтығындағы тротуардың үстіне 300 метрге дейін “Бақыт” базары орналасқан. Жер тар, айналмаға келмейді. Қарыс қадам жерде машиналар ерсілі-қарсылы ағылып жатыр. Сауда жасаушылар тар алаңға сыймай, тротуардың үстін қара қарғадай басып қалған. Онда тазалық,

– Ерекең түр екен, жақында ғана анасы қайтыс болды, енді көрген жерде көңіл айтамыз. Барайық, - деді.

Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің қазақтың біртуар перзенті екенін мен дәлелдемесем де, халық жақсы біледі. Елде жүргенде іс барысымен алдында болғаным бар. Ол кезде проректорды да облыстың бірінші хатшысы қабылдайды екен. Есігінен кіріп келдім. Ағамыз әлдеқайда жиналып жатыр ма, көзілдірігі қолында, жол жүретін адамның көңіл-күйімен отыр. Амандасқан соң:

– Өзің туралы айтшы, - деді асықпай тыңдайтын сыңайын байқатып.

Қайда тудым, қашан мектеп бітірдім, бітірген институтым қандай, одан бергі тіршілігім, диссертация, оның тақырыбы... Тағысын-тағыларды айттып жатырмын.

- Мәскеуде оқыған екенсің ғой. Самые верные друзья – москowskie...

Ректор сайлау туралы тағы әңгіме болды. Ойланып отырды да:

– Сәлиевпен жолыңыздың түйіскен жері бар ма? – деді. – Где?

Оңалбек Сәлиев ол кезде облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болатын. Оңқаңмен таныс-білістігімізге жиырма жылдың жузіне қараған.

ОСЫ ҚАЛАҒА МЕНІҢ ДЕСІҢІРГЕН ЕҢБЕГІМ БАР

– 1970 жылы Қазан вокзалында келініңізді шығарып салып тұрып, басында көк қаракөлден лапхасы бар, сондай жағалы пальто киген қазақты көріп, жөн сұрасқанымыз бар. Екеуміз жерлес болып шықтық. Содан бері танысыңыз, жолдаспыз. Рулық жағынан бір-бірімізге қатысымыз жоқ.

– Еңдеше, менде “Сәлиев Досманбетовтің туысқаны, сондықтан да ректорлық қызметке қойғысы келіп жүр” деген шагым-арыз жатыр. Соның анығын білгім келіп сұрап отырғаным.

Шынында, арыз жазған институтта сабақ беретін оқытушы әйел екен. Ол кісі Еркін Нұржанұлымен көрші тұрады. Сірәсі, қызметке кетіп бара жатқан тұсында қолына арызды ұстата салса керек. Еркін Нұржанұлы арызды кеңсе, үй деп талғап жатпай қабылдап беретін. Сол туралы айтып отыр. Міне, осыдан бері ағамызбен қызмет жолымыз қиыспапты.

"Сәлемнің де сәті бар" деген, Камал ағамды алға салып, қасына келдік. Еркін Нұржанұлы әдеттегіше қарапайым киінген, тұр сипатында бұрынғыдан ерекшелік жоқ, сол күйі. Анасының қазасына көңіл айттық.

– Анамыздың жасы тоқсанның үстіне шығып еді. Жақында жөнелттік, - деді Еркін Нұржанұлы. — Солай ғой, өмір сол енді!...

Қамекең амаңдық-саулықтан соң мені нұсқап:

– Ереке, жаңадан тағайындалған қала өкімі Досманбетов деген ініің осы болады, - деді.

– Бұл жігітті жақсы білемін, - деді Еркін Нұржанұлы. — Бірақ бойындағы ұйымдастырушылық талантын кезінде байқамай қалыппын.

Үшеуміз де күлдік.

– Сенің Қорқыт ата көшесінің аяғын Жезқазған трассасына дейін апарып қосқаның табылған ақыл болды, - деді Еркін Нұржанұлы маған қарап. – Кезінде сол араны мен де назарға алып едім. Екі үй бар-ды. Сосын баракта қанша шаңырақ отырды?

– Алты шаңырақ. – Соның бәріне үй бердің бе? – Бердім. Екі отбасын да, барақтағы адамдарды да ренжіткен жоқ.

– Молодец! Мен соны жасай алмай кетіп едім. Барақтағы отбасыларға үй тауып беру қиын болды. Қызылордадан кетсем де, сол бір бураланы көп ұзын көше ойымда жүретін, сенің шешіміңе риза болдым.

— Рахмет, аға.

Міне, сол бір ісімізге халық сыйлаған Еркін Нұржанұлының жоғары баға беріп еді. Кей-кейде осындай жылы сөздер есіңе түскенде, тағдырыңа риза боласың.

Мен бұл кезде институт ауқымындағы жұмыс тәсілінен, тіпті, ғылыми әлем ауқымынан шығып, көзіміз көріп жүрген тіршіліктің ащы-тұщысынан татып қалған едім. 1998 жылдың ақпанында өкімдік қызметіме бір жылдан асқан кез. Күн жексенбі. "Діріметбебеден" қалған әдет пе, бала кезден ақ құмарлығым бар-ды. Осы құмарлығымды қоя да алмадым. Қолым қалт ете қалса, дала мені өзіне тартады да тұрады. Мылтығымды алып жортып кетсем деп ойлаймын. Аңға құмарлық осыдан 25-30 жыл бұрын Алтынбек Ізтілеуовпен таныстырды. Содан бері саятқа бірге шығамыз. Сырттың жолын, шөбін, кейбір белгілерін тамыршудай тап басады. Онымен жүрсен, иен далада адасамын деп ойламайсың. Аңшылық бұрыннан аралас-құралас болған Роберт, Анарбек, Дамир, Сабыр, Қалмырза, Эрик, Сағилармен одан әрі жақындастырды. ...Ілгеріде Жосалыда жарғақ құлағы жастыққа тимейтін аңшылар бар екен деп естуші едім. Олар апталап Қызылдың ішіне сіңіп кетеді. Өзара шарты-келіспей оқ атпауы және аңшылық кезінде арақ ішеуі тиіс. Қанша дегенмен, аңшы да мүлт кетпей ме, бір күні андаусыздау атып қалған оғы жеппен қаңғалап барып, бір жолдасының май құйрығына сіңіп кетіпті.

— Ойбай, өлтірдің!...

Абыр-сабыр, үрейленген жігіттер елге қайтыпты. Құйрыққа батқан кішкене бытыра болмаса, ден-қарны сау келген күйеуін көріп қуанған келішпек көршілерді шақырып, құдайы беріп жібермекші болады. Аңшы төсекте жан бағып жатыр. Көршілер жапырлап келіп, “жаныңның қалғанын айтсайшы” деп көңілін сұрауда. Бір кезде қатар жүрген аңшыларының бірі келіп: “Құдайыңа қатыса алмаймыз, ренжіме, дарияның арғы бетімен қора-қора киік өтіп бара жатыр. Біз соған барамыз” деп құлағына сыбырлапты. Жолдасы есіктен шыға бергенде, ертеден төсегінен тұрмай жатқан жаралы аңшы атып тұрып:

– Әй, тұра тұрыңдар. Мен қалып қоймайын, - деп інінен тұра жүгірген екен.

Аңға деген құмарлық сондай.

(Жалғасы бар)

Акмешіт Акшамы

7 бет

«Өткеннің парқын танымай тұрып,бүгін мен болашақты дұрыс байайлауға болмайды».

Ақселеу СЕЙДЕМБЕКОВ

ат-таварих» шығармасында Қара қожа әкесі Темір қожаның (Ай қожа) Тоқтамыс ханның серігі ретінде баяндалған. Сонымен қатар бұл шығармада оның досы ретінде қырғыз батыры Манастың аты аталады. «Манас» эпосы арқылы біз Ер Көкше мен Манас батырдың достығы туралы, «Едіге»

арғын, найманнан кейінгі үшінші болып аталады. А.Тевкелевтің қыпшақтардың билеушісі жоқ екендігі туралы хабарламасын Шыңғыс әулетінен шыққан хан, сұлтанмен емес, би, батырлармен басқарылғандығымен түсіндіреміз. Өйткені Кіші жүз руларымен көршілес көшіп жүрген қыпшақтар хан, сұлтан

кездеседі. Олардың арасында орын алған жанжалды Абылай ханның өзі реттегендігі туралы деректер сақталған. Орынбор губернаторы Волконскийдің 1803 жылғы жазбасында Есіл, Обаған өзендері арасында көшіп жүрген Төлеген батырдың 1000 отбасынан, Үй, Тобыл, Аят өзендері жағасында көшіп

құраған. А.Темірғадиевтің 1911 жылғы жазбасына сәйкес олардың саны 190 мыңды құраған. Олардың Қостанайдағы саны 56 мыңды, Торғайдағы саны 45 мыңды, Перовскідегі саны 23 мыңды, Павлодардағы саны 13 мыңды, Ақмоладағы саны 12,5 мыңды, Омбыдағы саны 12 мыңды құраған.

“ҚЫПШАҚ – ЕШТЕҢЕДЕН ҚОРЫҚПАЙТЫН БІР ХАЛЫҚ”

Қыпшақ руының тарихы ғасырлардың терең тұңғығына кетеді. А.Бернштамның пікірінше қыпшақтардың тарихы біздің заманымызға дейінге дәуірден басталады және қытай жылнамаларында «юше» атауымен белгілі.С.Кляшторный қыпшақтардың ежелгі тарихында «сирлар» (сеяното) атымен белгілі болғанын жазады. «Қыпшақ» атауына келсек бұл атау VIII ғасырда пайда болған, ал XI ғасырда қыпшақтар көрі құрлықтың ұлан-ғасыр бағындырған жерлері ислам әлемінің географиясына енгізілген. Алтай мен Еділ (Итил) аралығы мұсылман ғалымдарымен Маффазат ал-Гузз (гуздар даласы)

Қазіргі жаңа жас толқын өкілі, Қазақстанның белгілі тарихшысы публицист, Қазақстанның бірінші президенті Қоры жанындағы әлемдік экономика және саясат Институтының бас сарапшысы, Алтын Орда заманынан XX ғасырға дейінгі кезең тарихын қамтыған бірнеше еңбектің авторы Радик Темірғалиевтің көптеген ресми деректерді зерттеу нәтижесімен шығарылған «Тамға қазақ руларының тарихы» (MELOMAN), 2023,Алматы) атты еңбегінде қазақтың басқа руларымен қатар тек қана Орта жүздің емес қазақ халқы мен бірнеше түркі руларының құрамына кірген белді рулардың бірі жауынгер қыпшақ руы туралы деректер де келтірілген.

аталған. Кейін парсы ақыны, саяхатшысы Насири Хосровпен алғаш рет «Дешті Қыпшақ» атала бастаған. Бұл бүгінгі қазақ елі мен Ресейдің оңтүстік даласында қыпшақ билігінің орнатылғандығының айғағы болып есептеледі. Кейін өз билігін Дунайға басқа руларымен Еуропада «куман», Махарстанда «кун», Киев Русында «половцы» атана бастайды. Қазақтың басқа руларымен салыстырғанда қыпшақтардың қалыптасуы өте күрделі кезеңді қамтиды. XI-XIII ғасырларда қыпшақтар рулық қалыптасудан құрамына өртүрлі этникалық топтарды енгізіп, тұтас халыққа айналған. Оның көпшілігі бүгінгі башқұрт, өзбек, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, т.б. халықтар құрамына кірген руларды құрайды.

XIII ғасырда моңғол мен шығыс түрік халықтарының қанды шабуылы қыпшақ билігін уақытша тоқтатқанмен XIX ғасырға дейін Ұлы дала Дешті-Қыпшақ атала берді. Моңғолдар қыпшақ хандары мен олардың жақындарын қуғынға ұшыратып, өлтіріп, тірі қалғандарын моңғол даласы мен Қытайға жөнелтіп отырған. Машһүр Жүсіп Көпейұлы (Қазақ шежіресі) қыпшақ хандары династиясының Ұлы даланың жалғыз билеуші тобы ежелгі түрік патшалары Ашинадан тарайтынын көрсетеді.

Моңғолдарға қарсы шықпай, олармен одақтас болған қыпшақ билеушілерінің қатарында дурут қыпшақтардың ханы Қотанмен жауласып өткен тоқсоба қыпшақтардың билеушісі Ақ Көбек пен Қидан бидің аттары аталады.Бұл туралы Сібір татарлары, Алтай, Хақас халықтары арасындағы дастан XIX ғасырға дейін сақталған. М.Ж.Көпейұлы: «Қыпшақтан-Шойым алып, одан Ақкөбек алып, одан Мүйізді алып, одан Сары алып, одан Тоқтар, одан Қобыландыны таратады. А.Кешікмбаев қара қыпшақтардың шежіресінде көрсетілген Ақ көбік алыптың қыпшақ ханы Аққубол (Аққубек), оның Қобыланды батырдың генеалогиялық бабасы екенін көрсетеді.Қазақ қыпшақтары ежелгі қыпшақтардан тараған аздаған бөлігін ғана құрайды.

Арғын, уақ руларының шежірелерінде қыпшақтардың арғы аталарын олардың жаулары ретінде, Қобыландының Ақжол биді және уақтардың арғы бабасы Ер Көкшені өлтіргендігі, ал Ер Көкше ұлы Ер Қосанның Қобыландыны өлтіргені айтылады. Шөкәрім Ақжол бидің Қобыланды қолынан қаза табуы Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хан қосынынан көшіп кетіп, Қазақ хандығын құруға себепкер болған деп есептейді. Бұл көптеген еңбектерге, Қазақстан тарихына енген. Алайда, тарих деректеріне сәйкес Дайыр қожаның ұлы Қара қожа Тоқтамыс ханның серігі болғандығы және онымен бірге 1406 жылы қаза болған.»Едіге» эпосының татар нұсқасында Арғын бий Қара қожа Тоқтамыс ханның ең сенімді тоғыз серігінің бірі ретінде көрсетілген. Бұл жайт «Маджму

эпосының қазақ нұсқасы арқылы біз Қобыландының да Тоқтамыс ханның жақын серігі екенін білеміз. Алайда, «Едіге» эпосының татар нұсқасында Тоқтамысқа жорыққа аттанған Ақсақ Темір әскерінің оң қанатын әскердің қырық батырының бірі, ержүрек жетекші Қаппан бидің басқарғандығы көрсетілген. Ноғай батырлар жырында Қобыланды батырдың аты «Қаппан», «Қаппанды» деп көрсетілген. Бұл батырдың Тоқтамыстың жауы болған Едіге би жағдында болғандығын көрсетеді. Бұдан Қара қожа би мен Қобыландының бір мезгілде өмір сүргенін және олардың бір-біріне қарсы

ықпалынан қашық жерде орналасқан. Кейін XVIII ғасырдың 30-жылдарының аяғында Ертіс қыпшақтарының билеушісі болып Абылай сұлтанның немере ағасы Сұлтанмамет сұлтан сайланғанмен билік башқұрт, жоңғарларға қарсы шайқастардың басты қаһармандарының бірі Қошқарбай батырдың қолында болады.

XX ғасырдың басындағы халық аузындағы әңгімелерге қарағанда қыпшақтар Ертіс жағасына шамамен 200 жыл бұрын естектер мен жоңғарлар ығыстырылғаннан кейін барған.Қошқарбай батырдың есімі қазақ жерінен пана сұраған жоңғар хандығына үміткер Даваци мен Әмірсананы қорғаған және қазақ жеріне басып кірген Цин империясы әскерлеріне қарсы соғысқан батырлар қатарында айтылады. 1757 жылы Абылай сұлтанның Цин билеушілеріне Орта жүз туралы хабарлаған деректері ішінде 5 мың түтіннен тұратын қыпшақтардың билеушісі ретінде Қошқарбай батырдың есімі аталады. 1758-59 жылдары Қошқарбай батыр қарамағына ала бастаған Ресей үкіметінің қарсылығына қарамастан бірнеше рет жасағымен Ертістің жоғарғы ағысында орналасқан бұрын жоңғар қарамағында болған Алтай тайпаларын шауып, еліне үлкен олжамен оралады. Кейін Қошқарбай батыр өзіне құрылған торға түсіп, екі ұлымен жау қолынан қаза табады. Есімі үлкен үрей туғызып, есімімен балаларды қорқытып жұбатқан, бір жарым ғасыр бойы Алтай халықтары аузындағы әңгімелерге арқау болған, Қошқарбай батыр қыпшақтар тарихында ең қорқынышты адам ретінде саналды. Нағыз халық

М.Мағауинның тарихи еңбегінің 192 бетінде Мысыр тарихшысы, Ибн Арабшахтың (1388-1450) «Шыңғыс хан» эпопеясынан үзінді келтірілген: «Дәшті-түрік тайпалары жайлаған, малы қисапсыз, жері құнарлы әрі байтақ, ауасы көң, суы таза, аңы мен құсы мол, төрт тарабы берік, өзгеше өлке.Бұл түріктің тілі-бай, шешен, өмірі-мейлінше ізгі, тұлғалары-келісті, сындарлы, түрлері-шырайлы, айрықша сұлу. Әйелдері-күн көйпіті, ерлері-ай көйпегіті, патшалары-басты, бектері-кеуделі. Әскері-қайтпас жаужүрек, ғаламат садақшы. Бұл жұрттың арасында өтірік жоқ, алдамшы аярылжы жоқ, арамдық, қулық-сұмдық және жоқ. Еркін көшіп-қонуды ата салтына айналдырған, өзіне сенімді, ештеңеден жасқанып, қорықпайтын бір халық».

қорғанына айналған Қошқарбай батырдың қазасынан кейін оның орнын ұлы Қонай батыр басты.

Батыс қыпшақтары арасында көлденең қыпшақ Рысмамбет батырдың ұлы Төле батырдың шоқтығы биік. Ол 1732 жылы А.Тевкелев пен Әбілқайыр ханға орыс тұтқындарын құтқаруға көмектеседі.1937 жылы башқұрттарға шабуыл жасаған қыпшақ қолын басқарған. 1742 жылы Әбілмәмбет, Күшік хан, Барақ сұлтан, тағы бірнеше батырлардың қатысуымен Еділ қалмақтарымен жүргізілген келіссөзге қатысқан. 1745 жылы Әбілқайыр ханның Орынбор губернаторы И.Неплюевке жіберген елшілер құрамында болған. XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Сырым батыр бастаған қыпшақтардың бір бөлігі Абылай сұлтан әскері құрамында уақ, керей, атығай, қарауыл руларымен шығысқа жасалған жорыққа қатысқан. XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында Тобыл жағасына қоныс аударған қыпшақтарды Бостан батыр (орыс деректерінде Бустан, Бустанбай) бастап барған.Оның есімі Я.Гавердовский жазбаларында кездеседі.

1743 жылы Ор қамалында Ресей үкіметіне ант берген қазақ би, батырлары арасынан ұзын қыпшақтан Байымбет батыр, оның ұлдары Тоқбай, Тлеулі батырлардың, көлденең қыпшақтан Ақботауұлы Түрке батырдың, қарабалық қыпшақтан Есеналы би мен оның ұлы Қылыштың, танабұға қыпшақтан Аққутықбайұлы Еділбай батырдың есімдері аталады.

1771 жылы қыпшақтар билеушісі Саяттанмәттің ордасында болған саяхаттанушы Х.Бордасен басқа тайпалармен салыстырғанда қыпшақтың қыздарының асқан сұлулығы туралы жазған. Сұлтанмамет сұлтан мен Қонай батыр туралы И.Г.Андреев жазбаларында

Қыпшақтар арасынан шыққан Ақмола өңірінің аға сұлтаны Ибрагим Жайықбаевтың, батыс қыпшақтары арасынан шыққан ұзын бөлімінің басқарушысы Ыбырай Алтынсариннің атасы Балқожа бидің (Балгуджа Ямгурчин) шоқтығы биік. Ресейге адал қызметімен танылған Балқожа бидің бір уақытта Кенесары ханмен байланысы да болған, кейін олардың аралары суып, бір-бірінің қосындырына шабуылдар ұйымдастырған.

Кенесары хан көтерілісін Аманкелді Имановтың атасы Иман батыр қолдап, жорықтарына қатысқан. Белгілі тарихшы Е.Бекмаханов қазақтың соңғы ханының атақты қыпшақ батырының атын атамай үнемі Аяке деп атағандығын жазды. Кейін XIX ғасырда қазақтың басқа рулары сияқты қыпшақтар да бірліктен айрылып, майда топтарға бөлінеді. Бұл кез «Ойбас деспотқа, қыпшақ жоқ» деген халық аузында қалған сөздермен ерекшеленеді. Дегенмен 1916 жылы Торғай қыпшақтары патша үкіметіне қарсы көтеріліске шығып қана қоймай, аталарынан атақты Тілеулі батырдың ұрпағы Әбдіғаппарды хан сайлап, ұлттық әскер құрып, оны Аманкелді Имановқа басқартып өздерінің бірлестігін құрады. А.Харлпампович: «...көтерілісшілердің шығыс қыпшақ хандығын құрғанын жазды. Кейін Әбдіғаппар хан атағынан бас тартып, әмір атанып, халықты 20 адамнан тұратын кеңес арқылы басқарған. Бұл кезде Торғай қазақтары арасында бұрын қылынен етек алған ұрлық, барымта кеңінен таратып күрт қысқарғандығы байқалған.

Н.Э.Масановтың пікірінше XIX-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қыпшақтардың жалпы саны шамамен 160-170 мыңды

Сонымен қатар қыпшақ руының санына байланысты бірнеше деректер Мұхтар Мағауинның «Алтын Орда» танымдық тауарих (Magauin Publishing, Алматы-2025) еңбегінде жарияланған. Әйгілі жазушы, даңғыл тарихшының жан-жақты, терең толғау, жаңаша көзқарас нәтижесімен жазылған аса құнды еңбегінің «Халық» атты бөлімінің 188 бетінде:»...Алтын Ордаға дейін Еуразия құрылығын тұтасымен дерлік қамтып отырған қыпшақ тайпасының елеулі бір бөлігі Күтен (Котян,авт.Х.Қ.) хан бастаған 40 мың шаңырақ, шамасы 200 мың жан Батысқа-Махарстан жеріне, көйін Болгария шегіне ауып көшті. Қазіргі заманның білгір маманы С.Плетневаның зерттеуі бойынша Батыс қыпшақ жұртының жиын саны 600 мың шамасында болған. Біз бұдан кемі 150, әйтпесе 200 мың артық көреміз. Өйткені... Батыс Дәшті жеріндегідей тым жиын емес. Шығыс қыпшақтары, өз ішінде қалғаны тұрпыты, құдандалы, одақтас, достық қатынастағы Хорезмге ешбір қиналмай-ақ, 100 мың, тіпті, одан да көп әскер беріп отырған.

Әрине Қыпшақ хандығында жетекші роль ойнаған қыпшақ руымен қатар бұл бірлестікке көптеген түркі тілдес халықтар, оның ішінде бүгінгі қазақ руларының басым бөлігі енгені түсінікті ғой. Бұл жерде хандық атымен қыпшақ әскері атанғанмен атын арасында қаңлы, т.б. туыстас рулардың сарбаздары кіруі мүмкін.

М.Мағауин Қазақ Ордасы мен Сібір хандығының еншісі толық бөлінбегендігі, шектестігі өз алдына, әуел бастан-ақ Сібір жұртындағы ең негізгі түрік рулары-керей, уақ, арғын, қыпшақ, жалайыр және табын болғандығын жазған (Қазақ тарихының әліппесі. Алматы,1995-154 бет).

Қыпшақ руына қатысты келесі деректер қазақтың көрнекті зиялысы, Түркістан автономиясының бірінші премьер-министрі Мұхаметжан Тынышбайұлының шығармаларынан көрініс тапқан. Кітаптың қыпшақ руына қатысты бөлімінде орыстардың Алтын Орданы ең саны көп тайпа қыпшақтардың атымен Қыпшақ Ордасы деп атағаны, қыпшақтардың Қоқан хандығында үстем тап құрғаны, Құдияр хан мен халықты үрейде ұстаған әйгілі регент Мұсылманқұл, Ташкент қорғаушысы Әлімқұлдың өзбек қыпшақтары болғандығы туралы деректер келтірілген. (М.Тынышбайұлы. Қазақ халқының

О.Сүлейменов «Язык письма» кітабында қыпшақтардың рулық таңбасы – тік екі сызықты (/) қатар жатқан екі қыпшақты белгісі деп түсіндіріп, қимақ этнонимін ики және иемек сөздерінен шығарған парсы тарихшысы Гардизи сияқты, қыпшақ этнонимін осы екі пышақ (автордың беруінде «ики-пчак») сөзінен шығарады.

тарихы. Алматы:AtaiBooks, 2024. 49-49б.б. Б.Бұқарбаудың бастамасымен жарық көрген).

Бір қызығы қарақалпақ халқы арасында қыпшақ табындар сақталған. Башқұрт тарихшылары фино,угор, түрік халықтарынан құралған башқұрттардың ішіндегі табын руының ішіндегі аға баласы, үлкені болып саналатын қара табындардың ұлы қара қыпшақтардың ұрпақтары болып саналады деп жазады. Олар біз атап жүрген қыпшақтардың «қос сызық», «қос өліп» таңбаларын «қос алып» деп атайды.Бұл екі ұлы, қуатты, алып қыпшақ руының (мүмкін екі батырдың, авт.Х.Қ.) бір бірлестікке, одаққа бірігуін білдірсе керек. Алып-құрметті, ежелгі, атақ, дәреже, лауазым.Орыс тіліндегі великан сөзі қырғыз, башқұрт, татар, қазақ тілдерінде алып,алпамса, дәу мағынасын білдіреді. Қара мағынасы да ұлы, қуатты, зор күш иесі мағынасын білдіреді. Қара қыпшақтар ұлы, қуатты қыпшақтар ру-тайпа бірлестігін білдіреді.

Хұсайын Асанұлы Қоразбаев заңгер-журналист. Ақпарат саласының үздігі. Запастағы полиция полковнигі

Сұрағым бар...

ДЕРБЕС КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ КРЕДИТ АЛУҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

«Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес кредиттік бюролар тек кредиттік тарихты ғана емес, сондай-ақ, дербес кредиттік рейтингті де ұсынады.

Дербес кредиттік рейтинг – бұл қарыз алушының кредиттік тарихы жазбаларының және басқа да дербес деректерінің негізінде кредиттік бюро автоматты түрле есептейтін балл. Қарыз алушы кредитті мақұлдау ықтималдығын бағалау үшін өз рейтингін біле алады.

Рейтингке көптеген факторлар ықпал етеді, оның ішінде:

- мерзімі өткен күндердің болуы,
- қолданыстағы кредиттердің саны,
- борыштарды коллекторларға беру және т.б

Дербес кредиттік рейтинг ақпараттық сипатқа ие болады және тіпті жоғары баллдың өзі кредиттің мақұлданатынына әрдайым кепілдік бермейді. Банкер мен микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) жеке алгоритмдерді қоса алғанда, әртүрлі скорингтік модельдерді пайдаланады.

– **Кредиттік рейтинг банкте кредит алуға қалай әсер етеді?**

– Кредиттік рейтинг қарыз алушының адалдығы мен сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Рейтинг неғұрлым жоғары болса, кредиттік тәуекелдер соғұрлым төмен болады және кредитті мақұлдау ықтималдығы артады.

– **Кредиттік рейтингтің төмен болғаны үшін банкер мен МҚҰ кредит беруден бас тарта ала ма?**

– Қарыз алушының кредиттік рейтингі төмен болса, банкер мен МҚҰ кредит беруден бас тартуға құқығы болады.

Кредиттік рейтинг қарыз алушының қаржылық сенімділігін көрсететінімен және тарих негізінде қалыптастырылатынымен маңызды: мерзімнің кешіктірілуі, борыштардың көлемі мен жиілігі, борыш жүктемесі, сот істері мен коллекторлық істер.

Кредит берудің алдында қаржы ұйымдары клиенттің төлем қабілеттілігін бағалауға міндетті – бұл заңның және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талабы.

Төмен рейтинг қайтарылмаудың жоғары тәуекелін білдіреді және кредитор кредит беруден бас тартуға толық құқылы. «Кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес, бюроның деректері кредиттік шешім қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Алайда кредит беру кредитордың **міндеті емес, құқығы** болып табылады. Мерзімін кешіктірулер болмаса да, банк тәуекелді тым жоғары деп санаса, бас тартуы мүмкін.

– **Кредиттік рейтингті қалай жақсартуға болады?**

Кредиттеріңізді уақытында төлеңіз: төлемді есептен шығару күніне дейін 5-7 жұмыс күні бұрын жасаған дұрыс.

Егер мерзімнен бұрын өтеу мүмкіндігі болса, оны қолданыңыз. Дегенмен, Банктің мерзімнен бұрын өтеуді дұрыс жазғанына көз жеткізіңіз. Кредитті толық өтеу туралы анықтама сұраңыз.

Мерзімін өткізіп алған кезде кредиторлардан қашқақтамаңыз. 2021 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстанда проблемалық берешекті реттеудің бірыңғай құқықтық режимі қолданылады

– **Кредиттік рейтингті қалай тексеруге болады?**

– Қазақстан азаматы **жылына бір рет** өзінің кредиттік рейтингін **тегін** ала алады. Мұны төмендегі жолдармен жасауға болады:

kz порталы арқылы; Бірінші кредиттік бюро сайты немесе қосымшасы (1cb.kz) арқылы; Жеке өзі мыналарға барып (офлайн):

«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (МКБ)
«Бірінші кредиттік бюро» ЖШС (БКБ),
ХҚҚО немесе Қазпочта бөлімшесін.

Өзімен бірге жеке куәлігі болу қажет. Егер бұл алғашқы сұратуы болса – есеп тегін болады.

КРЕДИТТІК ТАРИХ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАДЫ?

Кредит беру туралы шешім қабылдас бұрын банкер мен микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) қарыз алушының төлем қабілеттілігін және кредиттік тәуекелдерді бағалайды. Бұл үшін олар қарыз алушының кредиттік тарихынан алынған ақпаратқа негізделген әр түрлі скорингтік жүйелерді пайдаланады.

Кредиттік тарихты және дербес кредиттік рейтингті (ДКР) қалыптастыруға арналған деректер кредиттік бюроларда сақталады. Қазақстанда олар екеу – «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (МКБ) және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС (БКБ). Бұл ұйымдарға азаматтардың кредиттері, қарыздары, төлем мерзімі өткен және басқа қаржылық міндеттемелері туралы ақпарат келіп түседі.

МКБ – мемлекеттік ұйым, Ұлттық Банктің еншілес құрылымы. Барлық екінші деңгейдегі банкер, МҚҰ, ломбардтар, коммуналдық қызметтер, байланыс операторлары, коллекторлар және басқа да кредиттік құрылымдар заңнамаға сәйкес МКБ-ға деректерді ұсынуға міндетті.

БКБ – жеке коммерциялық компания, ол жерге ақпарат беру ерікті негізде жүзеге асырылады.

Кредиттік тарихты қалыптастыру және дереккөздер

Кредиттік тарихқа ақпаратты бюролардың өздері емес, деректерді берушілер – банкер, МҚҰ, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді бөліп төлеумен немесе кредитке сататын компаниялар енгізеді. Бюромен келісім болған кезде басқа тұлғалар да сіздің кредиттік есебіңізге ақпарат енгізе алады.

Кредиттік тарихқа қол жеткізу және деректерді тексеру

Әлеуетті қарыз алушылар өздерін кредит берушілердің қалай бағалайтынын білу үшін кредиттік бюродан жеке кредиттік рейтингті сұрата алады. Қаржы ұйымдары мен басқа мекемелер кредиттік тарихқа әлеуетті қарыз алушының жазбаша келісімімен ғана қол жеткізе алатынын есте ұстаған жөн.

Өзіңіздің кредиттік тарихыңызды үнемі, кем дегенде жарты жылда бір рет тексеріп отыру керек. Осылайша, ақпараттың дәйектілігін бақылап отыруға және тарихыңызда сізге үшінші тұлғалар ресімдеген кредиттердің жоқ екеніне көз жеткізуге болады.

Кредиттік тарихтағы ақпаратты сақтау мерзімі

«Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптас-

тыру туралы» Заңының 14-бабының 2-тармағына сәйкес кредиттік бюро кредиттік тарих субъектісіне қатысты мәліметтердің ол туралы соңғы мәліметтерді алған күннен бастап бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте мерзім кредит берілген сәттен бастап емес, борышты толығымен өтеген немесе дауды реттеген күннен бастап есептеледі. Егер сіз мерзімін өткізуді өтеген болсаңыз да, бұл туралы ақпарат банкер мен МҚҰ-ға тағы бірнеше жыл бойы көрінетін болады және жаңа кредиттерді мақұлдауға әсер етуі мүмкін. Егер ақпарат дәйекті болса, оны мерзімінен бұрын жою мүмкін емес.

Жақсы кредиттік беделіңізді сақтау үшін кредиттік тарихыңызды мұқият қадағалап, міндеттемелерді уақтылы төлеп, кредиттік бюролардағы есепті үнемі тексеріп отыру ұсынылады. Бұл кредит беруден күтпеген бас тартуларды болдырмауға және жоғары дербес кредиттік рейтингті сақтауға көмектеседі. Есіңізде болсын, өзіңіздің қаржылық міндеттемелеріңізге жауапкершіліктен қарау – кредиторлар тарапынан сенім арту кепілі және тиімді талаптармен кредит алу мүмкіндігі.

АВТОКРЕДИТ АЛҒАН КЕЗДЕ КАСКО САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТІ МЕ?

КАСКО – бұл автокөлікті ерікті түрде сақтандыру, ол автокөлік иесіне көлік құралын ұрлау, ЖКО (оның ішінде жүргізушінің кінәсінен), табиғи апаттар, өрт және басқа да күтпеген жағдайлар сияқты түрлі қауіптерден қорғауға көмектеседі.

Жол қозғалысының басқа қатысушыларына келтірілген шығынды өтейтін азаматтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудан (ҚЖІ АҚЖМ) айырмашылығы КАСКО сақтандырылған автокөлікке келтірілген залалды немесе оның жоғалуын өтейді.

– **Автокредит берген кезде КАСКО сақтандыру міндетті ме?**

– Банк өзін кепілден айырылып қалудан қорғау үшін кредиттік шартта КАСКОНЫ міндетті сақтандыру туралы талапты көздеуге құқылы. Бұл талап кредит толық өтелгенге дейін автомобильдің банкте кепілде қалуына байланысты. Осылайша, сақтандыру банкті де, автокөлік иесін де қорғайды. Бұл ретте банктің сақтандыру компаниясын таңдауда клиентті шектеуге құқығы жоқ.

– **Мерзімінен бұрын өтеген кезде ақшаны қайтаруға бола ма?**

– КАСКО шартына қол қоймас бұрын оның барлық талаптарымен, оның ішінде кредитті мерзімінен бұрын өтеу кезіндегі іс-қимыл тәртібімен мұқият танысу керек.

Сақтандыру шарты, мысалы, сақтандыру объектісі (сақтандырылған автомобиль сияқты) болуын тоқтатқан болса немесе сақтандыру жасалған тәуекел жойылса — мысалы, кредит толығымен өтеліп, машинаның кепілі алып тасталса, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде сақтандырушы сақтандыру өтемі қолданылған кезеңге барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Әдетте, сақтанушы шарттан бас тартқан кезде, егер шарттың талаптарында басқаша көзделмесе, төленген сыйлықақы қайтарылмайды.

Бұл ретте, егер шарт жасалған сәттен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде бұзылса, сақтандырушы сақтандыру қолданыста болған кезеңнің құнын шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға міндетті, бірақ ол сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 10%-нан аспайды.

ӨЗІНДІ КРЕДИТТІК АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ КЕРЕК?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі кредиттік алаяқтықтан қорғау үшін шаралар қабылдау қажеттілігін еске салады және қолда бар құралдарды пайдалануды және қағидаларды ресімдеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтауды ұсынады.

Сіздің атыңызға алаяқтық кредитті ресімдеу тәуекелін азайту үшін: **eGov.kz** порталында, **eGov mobile** қосымшасында немесе кредиттік бюро арқылы «Stop кредит» қызметін қосыңыз. Бұл сіздің атыңызға кредит алу мүмкіндігін бақылауға мүмкіндік береді.

Қодтарыңызды құпия сақтаңыз. Қоңырау шалушы адам өзін банк, қауіпсіздік қызметі немесе мемлекеттік органдардың қызметкері деп таныстырса да, ешқашан және ешкімге СМС-кодтарды, PIN-кодтарды, бір реттік парольдерді (OTP) немесе Secure-кодтарды бермеңіз.

Бейтаныс адамдардың өтініші бойынша өзіңіздің телефоныңызға немесе компьютеріңізге қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын орнатпаңыз. СМС, мессенджерлер немесе жарнамалық хабарландырулардан күмәнді сілтемелер бойынша өтпегіңіз.

Онлайн банкингке және басқа да маңызды сервистерге кіру үшін екі факторлы аутентификацияны пайдаланыңыз. Кредиттік бюроларда өзіңізді кредиттік есебіңізді үнемі тексеріп отырыңыз – бұл рұқсат етілмеген қарыздарды уақтылы анықтауға көмектеседі.

Осы нұсқауларды орындау арқылы сіз кредиттік алаяқтықтың құрбаны болу тәуекелін айтарлықтай азайтасыз.

NAQTU ONIM ҚОЛДАНБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазақстанда дәрі-дәрмектердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп жатқан цифрлық таңбалау жүйесінің бірі – Naqtu Onim қолданбасы. Бұл фармацевтикалық өнімдердің заңдылығын бақылауды күшейтуге және тұтынушыларды жалған дәрілерден қорғауға бағытталған.

Еліміздегі дәрілік заттардың әр қорыбында бірегей Data Matrix коды орналастырылады. Бұл – дәріге арналған цифрлық «төлкүжат». Тұтынушылар бұл кодты сканерлеу арқылы дәрінің түпнұсқалығын тексере алады. Бұл үшін Naqtu Onim деп аталатын тегін мобильді қосымшаны жүктеу жеткілікті.

Қолданба тауарларды таңбалау және қадағалау жөніндегі бірыңғай оператордың бастамасымен әзірленген. Naqtu Onim арқылы пайдаланушылар дәрі қаптамасындағы кодты

сканерлеп, өнім туралы мәліметтің дерекқорда бар-жоғын, оның заңды екенін және кодтың күдік тудыратынын тексере алады. Тексеру процесі небәрі бір минутты алады, алайда бұл қарапайым әрекет адамның денсаулығын немесе тіпті өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Жалған дәрілер – денсаулық сақтау саласының күрделі мәселесі. Енді қазақстандықтар Naqtu Onim қолданбасы арқылы дәрілердің түпнұсқалығын өздері оңай тексере алады. Бұл пациенттерге деген қамқорлықты арттырады және денсаулық сақтау саласына деген сенімді нығайтады.

Қолданбаны пайдалану өте қарапайым: смартфон камерасын қаптамдағы екі өлшемді штрих-кодқа бағыттау жеткілікті. Егер код жүйедегі мәліметтермен сәйкес келмесе немесе күдік тудырса, қосымша дереу ескерту жібереді.

ИНСУЛЬТ АЛҒАНДАР ҮШІН “САҚТАНДЫРЫЛҒАН” МАҢЫЗДЫ МА?

63 жастағы Қызылорда қаласының тұрғыны Қанат Ахметов *(аты-жөні өзгертілген)* екі рет инсульт алған. Екінші реттен кейін оған ұйқы артериясына стент орнату отасы жасалды, бұл қан айналымын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Алты айдан кейін, стент толық бейімделген соң, пациент бақылау мақсатында МРТ-ға жолдама алды. *- Мерейтөйдан кейін қан қысымым 250-ге дейін көтерілді. Жедел жәрдем ішкімалық инсульт деп диагноз қойды. Стационарда ұйқы артериясының қатты тарылғаны анықталды, стент орнатты. Қазір бақылау мақсатында МРТ-дан өтіп жатырмын. Жыл сайын МӘМС аясында КТ және МРТ тексерулерінен өтемін, – дейді пациент.*

Инсульт алған пациенттерге бастапқы медициналық көмек МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетіледі. Стационарда зақымдану ошақтарын анықтау үшін КТ жасалады. Ал әрі қарайғы ем мен оналту шаралары МӘМС аясында жүргізіледі.

Мамандардың айтуынша, инсульттің алдын алу және оны уақтылы анықтау үшін «сақтандырылған» болу өте маңызды.

- Кейбір пациенттер инсульттің белгілерін МРТ арқылы анықтауға болады деп қалжыңдасады. Оны алдын ала болжау мүмкін емес. Егер адам гипертония бойынша диспансерлік есепте тұрса, жыл сайын скрининг аясында мойын тамырларының УДЗ-дан өтуі қажет. Дәл осы зерттеу инсульт қаупін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді, – деді «ALEXEY SULTAN-AKHMET» ЖШС директорының орынбасары Қуанышбек Алмағамбетов.

Дәрігерлер профилактикалық ережелерді сақтауды ұсынады: артериялық қысымды бақылау, кардиологқа уақтылы бару, жоспарлы скринингтен өту. Сондай-ақ темекі мен алкогольден бас тарту, зиянды тағамдарды шектеу және күнделікті өмірге дене белсенділігін енгізу маңызды.

КӨЗДІ ҚАЛАЙ ТЕГІН ЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Облыстың бас офтальмологы, Қызылорда қаласының көп бейінді облыстық аурухананың офтальмолог дәрігері Өтепбергенов Бағжан Бағдатұлы жауап береді.

- Өңірде көз ауруларын емдеу бағытында қандай тәсілдер қолданылуда?

- Бірінші кезекте көзді диагностикадан өткізіп, көру қабілетін көзділдіктің көмегімен сақтауға тырысамыз. Қажет жағдайда әртүрлі аппараттардың көмегімен консервативті ем жүргіземіз. Бізге пациенттер дәрігер жолдамасынсыз ақылы негізде жүгіне алады. Медициналық орталықта офтальмолог қабылдау жүргізетін консультация орталығы жұмыс істейді. МӘМС шеңберінде дәрігер жолдамасымен келіп, тегін тексеріле, ем қабылдай алады.

- Қандай ауру түрлері жиі кездеседі және себептері қандай?

- Көз аурулары арасында кең тарағаны — миопия мен алыстан нашар көру. Қазір көбі ұялы телефон, компьютер мен түрлі гаджеттерді пайдаланатындықтан жастар

арасында мұндай аурулар жиі анықталады. Монитор алдында режим сақтамай ұзақ отыру — миопияның басты себебі. Миопияға шалдыққан жағдайда көзге салмақты азайтып, көзге арналған жаттығуларды тұрақты



түрде жасап тұру керек. Мұндай ем барысында дәрілік препараттар мен дәрумендер қолданылады. 21 жастан асқан пациенттерге лазерлі емдеу,

бейнекомпьютерлі түзету (көздің оптикалық жүйесінің бұзылуын түзету) шаралары қолданылады.

- 2026 жылы денсаулық сақтау жүйесі жаңа үлгіге — бірыңғай медициналық пакетке көшеді. МӘМС саласында жоспарланып отырған өзгерістерге қатысты көзқарасыңыз қандай?

- Барлық өзгеріс пациенттің мүдесі үшін жасалады. Халықты қамту аясын кеңейту, кіріс топтары арасындағы жүктемені теңестіру, мемлекет пен жергілікті билік органдарының қатысу үлесін арттыру — адамның табысы мен жұмыспен қамтылғанына қарамастан уақтылы сапалы медициналық көмек алуына жол ашады.

Осы жылдан бастап онкологиялық скринингті тегін медициналық пакетке қосқаны қуантады. Осы орайда дер кезінде профилактикалық тексеруден өтудің маңызы зор. Оның ішінде жасы 40-тан асқан ер адамдар мен әйелдер ерте сатысында глаукома бойынша тексеруден өте алады. Барлығына жылына бір рет көзін тексертуге кеңес беремін.

- МӘМС жүйесін енгізгілі офтальмолог қызметі қаншалықты

ауыстырады. Сол кезде көру қабілеті 100%-ға жақсарады.

- Көз — нәзік, әрі сезімтал орган.

Оның ауруын адам көз келген уақытта бастан өткеруі мүмкін. Сізге көбіне қандай көз жарақаттарымен жүгінеді?

- Көз жарақаты көбіне құрылысшы, спесарь, дәнекерлеуші сияқты жұмысшы мамандардың техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтамауынан пайда болады. Жұмыс барысында көзге ағаш, металл ұшқындары түсуі мүмкін, кейде химиялық, термиялық күйікке шалдығады. Пневматикалық қарудан атылған оқ, балық аулау кезінде қармақтың ілгеі көзіне тиіп, көмегімізге жүгінгендер болды. Біз пациенттің көру қабілетін сақтап қалу үшін бар күшімізді саламыз.

- Биокоспалар көру қабілетін жақсартуға көмектесе ме?

- Биокоспалар күнделікті тағамымызда дәрумендер мен микроэлементтер жеткілікті болмағандықтан көздің саулығын сақтауға көмектеседі. Сондықтан биокоспа ішуге кеңес беремін. Дегенмен, әр пациентке бекітілген арнайы мөлшері болады. Дәрумендерді де дәрігер рецептімен қабылдау керек.

Айгүл АХАНОВА